Аннотация. Бұл мақалада практикаға бағдарланған оқытудағы өзіндік білім алудың тиімділігі қарастырылады. Өздік жұмыстың құрылымдық ерекшелігі мен оның педагогикалық үрдістегі маңызы және күтілетін нәтижелер жөнінде ақпараттар қарастырылған. Өздік білімоқыту үдерісінде жоғары оқу орынында алған теориялық білімін тәжірибе жүзінде өмірде қолдана алып, соған сәйкес өз бетінше жұмыстар атақара алу қабілеті жайлы мәселелер талданған. Практикаға бағдарланған оқыту барысында әр қилы тапсырмаларды ұйымдастырып, әрбір білім алушының танымдық қажеттілігіне сай іс атқарады. Өздік білім алудың тиімділігі олардың өздеріне деген сенімділіктерін арттырып, мотивациясын оята алуы. Өздік білімтек өз бетінше жұмыс істей беру емес, өзінің педагогикалық құзіреттілігіне сай әрекет ете отырып, жеке тұлғаның оқуға деген ынтасын, білімге деген құштарлығын оята білуі мақалада кеңінен қарастырылған.

Өздік білім алу барысында сабақтан жаңа ой қорытыу, оны бекіту, практикаға бағдарланған оқыту қолдану, білім, білік, дағдыларды қайталау жұмыс сапасының артуы. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектерге де талдаулар жасалынды.

Түйінді сөздер: практикаға бағдарланған оқыту, өздік білім алу, оқыту үдерісі, педагогикалық қарым-қатынас.

Аннотация. В данной статье рассматривается эффективность самообразования в практико-ориентированном обучении. Рассмотрена информация о структурной специфике самостоятельной работы и ее значении в педагогическом процессе и ожидаемых результатах. В процессе самостоятельного обучения были проанализированы вопросы умения применять теоретические

знания, полученные в вузе на практике в реальной жизни и, соответственно, самостоятельно работать. В ходе практико-ориентированного обучения организовывает различные задания и выполняет работу в соответствии с познавательными потребностями каждого обучающегося. Эффективность самостоятельного обучения заключается в том, что они могут повысить свою уверенность в себе и повысить мотивацию. Самостоятельное образование-это не умение работать самостоятельно, а умение пробудить у личности желание учиться, стремление к знаниям, действуя в соответствии со своей педагогической компетенцией. Повышение качества работы по усвоению нового урока, его закреплению, применению практико-ориентированного обучения, повторению знаний, умений, навыков в процессе самостоятельного обучения. Также был проведен анализ психолого-педагогических научных трудов.

Ключевые слова: практико-ориентированного обучения, самостоятельное обучение, процесс обучения.

The current labor market in the country needs specialists who perform their tasks efficiently and responsibly, quickly adapting to changing economic conditions, and therefore the demand for highly qualified, competitive, modern mobile specialists is growing from year to year. The national project of the Republic of Kazakhstan «quality education» Educated Nation» states that the specialist necessary for the modern labor market should be professionally competent, with a clear civic position, with high thinking [1].

After all, for the dynamic development of our society, a competitive high-quality specialist in the field of his profession contributes to the formation of the country's labor resources, the development of human capital.

In addition, the Message «unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the prosperity of the country» stated that «higher educational institutions are obliged to be responsible for the quality training of specialists, because only through frequent changes of profession and the development of new professions we can ensure the competitiveness of the future specialist» [2].

To date, one of the topical issues is the continuous improvement of knowledge in the educational process, independent work, increasing the ability to implement theoretical knowledge in practice. In order to form high-quality knowledge in the younger generation and influence the ability to correctly determine reliable and predictable information in the era of information leakage, it is necessary to do independent work. The development of educational, developing, inquisitive activity of students, the identification of their own individual opinion as a subject, free cooperation in pedagogical activity is the most relevant today. In practice-oriented learning, it is necessary to show special cognitive activity. For a long time, it has been increasingly associated with the independent performance of artistic works by students. The effective organization of independent learning is aimed at preparing the content and fairness of educational material at various stages of its development related to the achievement of artistic and didactic goals.

In practice-oriented learning, each student acts autonomously. The scientist Shamova T.I. distinguishes this independent action as «independent knowledge» and «individual work», as well as «independent action». In the process of self-study, the student acquires pedagogical competence and practical skills. The following conditions for the implementation of self-education should be met:

– uploading specific tasks by the teacher to the student;
– the ability to perform the work performed at the level of your will;
– master new pedagogical technologies and learn how to work effectively with them.

We also want to present the following tasks of independent work:

– ability to organize independent cognitive activity of a person;
– develop mental abilities, mental abilities of students, pupils;
– to look at the personality from the personal side and to be attentive to each of his independence [3].

In a practice-oriented lesson, various tasks are organized and work is performed in accordance with the cognitive needs of each student. They should be able to boost their self-confidence and awaken motivation. It can be said that independent knowledge is not just the ability to work, but the ability, using all communicative abilities, acting in accordance with their pedagogical competence, to awaken in a person a desire to learn, a desire for knowledge. In the course of such independent independent work, it is the only action that helps the student to hone creative activity, develop imagination, thinking.

Practice-oriented learning is evaluated not only in the student's independent work, but also in the ability of the student who is assigned to practice to work independently. This is due to the fact that independent knowledge requires cognitive activity from each student, the desire for independent search. To determine the effectiveness of independent work, we attach importance to the activity of students in the educational process. This type of work develops the independent activity of the student, consolidating his qualifications

and knowledge [4].

In the course of self-study, I got acquainted with didactic materials and pedagogical works. In accordance with modern information technologies, searches for data, applies it in practice and gets used to productive work. In self-study, you can work with the division of students into groups. Gives tasks and orients the personality in accordance with their knowledge, abilities. In self-study, the teacher and the student show the pedagogy of cooperation. Only a solidary system can lead to the productivity of one's own knowledge.

"Teaching is not just a skill, but an art that finds new things," Zh. Aimautov, the father of Kazakh pedagogy, believes. Therefore, practice-oriented learning and independent learning are undoubtedly the study of something new, its implementation. Since advanced ideas in modern pedagogy are developing day by day, and various changes are taking place in educational technologies, self-education is one of the tools that help to move forward. Since there are moments of making their own decisions in various life difficulties, the student should also be able to work in his own way. A practitioner engaged in independent work can become the best specialist in the future of the country. Therefore, in the process of self-education, we pay attention to the following expected results:

– the ability to awaken at the creative level, the ability to consider issues of importance in research activities;

– in the course of self-education, the cognitive, practical significance of the expected results is clearly realized;

– is able to effectively organize and manage the students' own activities;

– can optimally use research methods and achieve a certain result.

Therefore, in practice, in the course of practice-oriented self-education, search and diligence are especially important. Analyzes his own work and someone else's work, gives a relatively fair self-assessment and is responsible.

A student who has mastered practice-oriented training contributes to the student's better self-expression in various situations, in various social environments through the development of motivation of interest, honing his knowledge in the process of self-education, the formation of information technology skills and increasing the ability to critical thinking.

In conclusion, the main goal of modern higher pedagogical education is a qualified specialist, competitive in the labor market, with developed competence, able to organize his activities, manage it, have his own vision, focused on productive work at the level of world standards, capable of professional growth, changes in activities, optimal, quick adaptation to his own desires and it is focused on training a real professional who meets the requirements, speaks fluently, knows the national language, the history of the country, has a domestic and world culture, thinks creatively.

References

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қfekscs/ URL^ https^||adilet/zan/kz|kaz|docs|P2100000726/

2. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2021 жылғы 01 қыркүйек. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555.

3. Карюкина О.А. Практико-ориентированный подход к профессиональной адаптации будущих педагогов дуального обучения // Социальная сеть работников образования.

4. Ешенкулова Д.Б., Әбдіғапбарова Ұ.М. Білім алушылардың өздік оқу ісәрекетін ғылыми-әдістемелік басқару//Международный научный журнал Наука и жизнь Казахстана №6, 2020. – С.150-154.

ӘОЖ 373.23

Алшынбаева С.Е.
Қазіргі заманғы көп салалы колледж, оқытушы, Қазақстан, Қарарағнды қ.
E-mail: Zhuldyz_eldosovna@mail.ru

Төлеген А.А.
академика Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, МДжППД кафедрасы, магистранты,
Қазақстан, Қарарағнды қ. E-mail: gbotabek97@mail.ru

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Аннотация.Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың ойын арқылы логикалық ойлау қабілетін арттырудың маңызы мәселесі қарастырылған. Педагогикалық процесте ойын арқылы оқыту және тәрбиелеу, бала тұлғасын жан-жақты дамыту, ойынды баланың логикалық ойлау қабілетін дамытуға қолданудың мүмкіндіктерін арттыруға негізделеді. Ол ойындардың ішінде дидактикалық ойындар балалардың логикалық ойлауын дамытуға әсері мақалада жан-жақты талдаулар жасалынған. Мектеп жасына дейінгі баланың ойыны оны басқа іс-әрекеттерден өзгеше маңызды ерекшелігі бар. Ойын барысында баланың ойлау қабілетін дамытудың түрлі әдістерін қолдануға болады. Бұл процесс өсіп келе жатқан баланың жеке басының интеллектуалды қалыптасуы үшін өте маңызды екені толық талдау жасалған.

Сондай-ақ, балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда дидактикалық ойынға ерекше назар аудару керектігі, өйткені бұл білім беру үшін өте маңызды рол атқаратындығы. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудан басқа, ойын танымдық дамуды жүзеге асырады, өйткені дидактикалық ойын қоршаған шындық туралы идеяларды кеңейтуге, зейінді, есте сақтауды, байқауды және логикалық ойлауды жетілдіруге ықпалы кеңінен қарастырылған.

Түйінді сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, ойын, логикалық ойлау, қабілет, дидактикалық ойын, ролдік ойын, шығармашылық сюжеттік-рөлдік ойын.

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос о важности повышения способности дошкольников к логическому мышлению через игру. В педагогическом процессе обучение и воспитание через игру, всестороннее развитие личности ребенка, повышение возможностей применения игры к развитию логического мышления ребенка. Среди этих игр влияние дидактических игр на развитие логического мышления детей в статье сделан всесторонний анализ. Игра дошкольника имеет важную особенность, отличающую его от других видов деятельности. В процессе игры можно использовать различные методы развития мышления ребенка. Проведен полный анализ того, что этот процесс очень важен для интеллектуального формирования личности растущего ребенка. Также следует обратить особое внимание на дидактическую игру в развитии логического мышления детей, так как она играет очень важную роль в воспитании. Помимо развития речи дошкольников, игра осуществляет познавательное развитие, так как широко рассматривается влияние дидактической игры на расширение представлений об окружающей действительности, совершенствование внимания, памяти, наблюдательности и логического мышления.

Ключевые слова: дошкольник, игра, способность логическое мышление, способность, дидактическая игра, ролевая игра, творческая сюжетно-ролевая игра.

Abstract. This article discusses the importance of improving the ability of preschoolers to think logically through play. In the pedagogical process, teaching and upbringing through play, comprehensive development of the child's personality, increasing the possibilities of using the game to develop the child's logical thinking. Among these games, the influence of didactic games on the development of logical thinking of children is comprehensively analyzed in the article. A preschooler's game has an important feature that distinguishes it from other activities. During the game, you can use various methods of developing the child's thinking. A full analysis of the fact that this process is very important for the intellectual formation of the personality of a growing child. Also, special attention should be paid to the didactic game in the development of logical thinking of children, as it plays a very important role in education. In addition to the development of speech of preschoolers, the game carries out cognitive development, as the influence of didactic play on the expansion of ideas about the surrounding reality, the improvement of attention, memory, observation and logical thinking is widely considered.

Keywords: preschooler, game, ability logical thinking, ability, didactic game, role-playing game, creative story-role-playing game.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әдістері арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту, жаңа ортаға бейімдеу, тілін дамыту жалпы жан-жақты тәрбие беру ұлы ойшылдардың бала тәрбиесі туралы еңбектерінде айтылған. Олар: А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б. [1]. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесіне ерекше көңіл аударып, ойынды тәрбие құралы деп түсініп, ойын арқылы баланың логикалық ойлау, қиял, есте сақтау қабілеттерін дамытуға мол мүмкіндік бар екенін атап көресткен. Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан бастау алады да, оның болашақ өмірінде жалғасын табады. Халқымыз ойындарды тек балалардың көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған.

Ойын-бұл балалардың өмірінің мектепке дейінгі кезеңіндегі жетекші қызметі. Ойын процесінде балалардың логикалық ойлау қабілетін дамып, балалар ақыл-ой, психикалық, коммуникативтік дағдыларды меңгереді. Ойын ойнау арқылы балалар қоршаған әлемді үйренеді, бір-бірімен және ересектермен өзара қарым-қатынасқа түседі. Ойын барысында оның қатысушылары сюжетті «ойлап табуға» рөлдерді бөлуге, өзара әрекеттесу ережелерін келісуге ерекше мүмкіндіктері бар.

Педагогикалық процесті жетілдіруде ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинкт күнделікті негізгі іс-әрекет және өмірі деп дәлелдеген. Н.Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатқа пайдалану - болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген [2].

Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі. Бала бақылау, оқыған кітап, естіген ертегі арқылы айналасын таниды. Олардың түсінігі алғашқы кезде айқын болмайды. Тәрбиеші баланың түсінігін дидактикалық ойындар арқылы нақтылап, дамытып саналы түрде түсінуіне ықпал етеді.

Ойын –мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті, қоршаған әлемді танудың жолы, ол арқылы балалар өздерінің сезімдік және өмірлік тәжірибесін байытады, өздерінің құрдастарымен және ересектермен қарым –қатынас жасайды. Балалар ойыны оның өмірінде ғана емес, дамуына да маңызы зор. Бала ойын кезінде өзінің ішкі сезімдерін сыртқа шығарып, өзара қарым–қатынас жасап, шығармашылық қабілеттері дамытады. Әртүрлі заттар мен құблыстарды, адамдар арасындағы қарым-қатынасты баланың білуі, сезінуі ойын негізінде жүзеге асады. Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан бастау алады да, оның ұшығы болашақ өмірінде жалғасын табады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойынының негізгі құрлымдық элементтері мыналар: ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны, ойын әрекеттері, рөлдер ойынның жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы.

Ересектермен бірге қарым-қатынаста түрлі ойындардың техникасын иегере отырып, содан кейін бала ойындық тәсілдерді жалпылайды және басқа жағдаяттарға көшеді. Осылай ойын өздігінен қозғалуға ие болады, бала өзінің шығармашылығының формасы болады, ал бұл оның дамытушы әсерін қамтамасыз етеді. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіріп, өз қажетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көрсетеді.

Баланың ойын кезіндегі ой қабілетінің бір-біріне деген сыйластық қажеттіліктерімен санасуы әр ойыншының жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы ол қарсы мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімін арттырады. Ойынның негізгі мақсаты -баланы қызықтыра отырып білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті–сол ойын түрлерін пайдалана отырып, балаларды өздігімен жұмыс істеуіне, тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Дұрыс ұйымдастырылған ойын әрекеті балалардың өзара қарым-қатынасын дамытумен бірге мұқтаждықтарын қанағаттандыратын істерді жүзеге асыруға дағдыландырып, пайдалы және өнімді әрекеттер жасауға баулиды. Бала өзі атқарған ісін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін бағалап, өзін-өзі тануына түрткі болады.

Мектепке дейінгі білім беру саласының дамуына үлес қосқан отандық ғалым Ф.Н. Жұмабекованың еңбегінде: «Ойын –тәрбиелеу және дамыту құралы ретінде тәрбиеші ойынды басқара жүріп баланың жеке басының барлық жағына: санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез - құлқына ықпал жасайды, ойында ақыл - ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады. Ойында қайсыбір рөлді орындау үшін бала өзінің түйсігін ойын әрекетіне көшіруге тиіс». Мектеп жасына дейінгі балаларды жан - жақты дамыту ойын процесімен

тығыз байланысты. Бала ойынның мазмұнын түсіне отырып, өзінің ішкі ұстанымын, логикалық ойлау қабілетімен байланыстырады. Мектеп жасына дейінгі баларға білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана сезімін, таным қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет [3].

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әдістері арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту балабақшаның оқу - тәрбие процесінде жүзеге асады.

Ойын ешқашанда ішкі құрылымын өзгертпейді тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлеуін қамтамасыз ету үшін ол балалардың ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді. Бала ойнай отырып ойланады, қиялы дамиды. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіріп, өз қажетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көрсетеді.

Бала ойыны баланың ойынға деген ынтасымен, қызығушылығымен, рөлді таңдап алуы, ойынның сюжеті мазмұны негізінде шығармашылыққа негізделеді. Ойынның мазмұнына сай кейіпкерлердің әрекеті баланың логикалық ойлауы мен қиялын дамытады. Ойын барысында бала эмоционалдық тұрғыда шынайы әсер алып, қуанады, күйзеледі, ренжиді, қанағаттанбағандық яғни ойынды толық аяқтап мақсатына жетуіне немесе аяқтай алмай қалуына байланысты болады. Мұндай жағдайда педагог баланың балаға көмек көрсетіп, ойынды аяқтауына мүмкіндік жасау керек. Бәрібір ойын барысында баланың жалпы әсері оң бағытта болады.

Ойында мектепке дейінгі баланың негізгі қажеттіліктері бой көрсетеді. Жоғарыда айтылып кеткендей, ең алдымен дербестікке ұмтылыс, ересектердің өміріне белсенді қатысу балаға тән. Баланың дамуына қарай олардың таныған әлемі кеңейеді, шынайы өмірде қол жетпейтін ересектердің қызметтеріне қатысуға деген ішкі қажеттіліктері туындайды. Бала ойында өзінің тәжірибесінде сақталған бейнелердегі ересектерге еліктеуге тырысып, өзіне рөлді алады. Бала ойнай отырып, өз бетімен әрекет етеді, өзінің тілек, ықыластарын, түсініктерін, сезімдерін еркін білдіреді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжеттік-рөлдік, театр, дидактикалық, құрылыстық-құрылымдық ойындар, қимылды ойындар, ұлттық және компьютер ойындары болып бөлінеді. Мектепке дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда аталған ойындардың әрқайсысының өзіндік пайдасы бар. Балаларды оқыту және тәрбиелеу топтық немесе жеке дара әрекеттерге бағдарланудың типтік дағдыларын қалыптастырады. Ойын аясында қызметтің басқа түрлері (еңбек, оқу) туындайды және дифференцияланады (бөлінеді). Ойынның дамуына қарай бала кез –келген қызметке тән компоненттерді меңгереді: мақсат қоюды, жоспарлауды, нәтижеге жетуге талпынады. Содан кейін меңгерген ұғымдарын қызмет түрлеріне, ең алдымен еңбекке қолданады.

Мектепке дейінгі жаста балалардың ойын арқылы ойлау қабілетін дамытатын ойындардың бірі - дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындар балалардың сол ойынның шешімін өздері тауып, кедергілерді жеңіп, логикалық ойлау әрекеті арқылы ойында жеңіске жетумен сипатталады. Баланың қиындықтарға тап болып, ойланып, өз білімін қолдану қабілетінің біртіндеп дамиды.

Дидактикалық ойын балаларға білім, білік және дағдыларды игертуге ғана бағытталмай, барлық психикалық процестердің дамып, эмоционалды саласының жетілуіне әсер етеді. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, ұйымдасқан оқу қызметінде оқу материалдарын қызықты етіп өткізуге, балалардың көңіл-күйін көтеруге, ойын арқылы оқытуды жеңілдетуге әрі тезірек меңгертуге әсерін тигізеді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық ойындар логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін қарапайымнан күрделіге қарай ауысып отырған жөн.

Ойын тілді дамытады, ал тіл ойынды ұйымдастырады, ойын процесінде баланың логикалық ойлауы дамиды. Ойындардың негізгі мақсаты-баланы дамыту, шығармашылыққа баулып, өздігінен жұмыс жасауға үйрету.

Оқу мақсатының бағыты мен оған жету жолдары бойынша рөлдік ойындар шығармашылық, сюжеттік-дидактикалық және интерактивті болып бөлінеді [4].

Шығармашылық сюжеттік-рөлдік ойында балалар мүмкіндігінше қиялдайды, белгілі бір өмірлік жағдайларда ересектердің мінез-құлқын көшіріп қана қоймайды, сонымен қатар ойдан шығарылған жағдайларда өздерінің іс-әрекеттерін көрсетеді. Балалар ойын жоспарына сәйкес өзгереді: әртүрлі мамандық иелерінің образына еніп, олардың тұрмыс - тіршілігін бейнелейді. Ойын барысында балалардың қиялына шек болмайды. Өзара келісе отырып, дүкеннен сауда жасау, мұражайға бару, кафеде түскі ас ішу, ауырған адамдарды емдеу т.б. сюжеттерді өз қиялдарымен жүзеге асырады.

Тұжырымдай келе, қазіргі қоғамда интеллект пен ғылыми білімнің әлеуметтік беделі күрт өсті. Бұл сезіну, логикалық ойлау және жасау қабілетіне емес, білім беруге, оқуға, жазуға және санауға

үйретуге деген ұмтылыспен байланысты. Педагогикалық көзқарас, ең алдымен, логикалық ойлауды дамытуға баланың эмоционалды-рухани мәнін екінші құндылыққа айналдырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әдістері арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытудың жолдары өте көп. Тәрбиеші балалардың жас ерекшелігіне сай ойынды дұрыс таңдап алып, жүйелі ұйымдастырып, басшылық жасап отыруы маңызды. Бала ойын барысында өзін еркін сезініп, эмоциясын шығарып, құрдастарымен ашық пікір алмасып қарым - қатынас жасайды. Тәрбиеші ойындарды мақсаттар мен міндеттерге жетудің негізгі құралы ретінде ұсынып, логикалық ойлауды, шығармашылық және кеңістіктік қиялды дамыту үшін қолданады. Бұл ойындар ұсынылған тақырып бойынша жұмыстың мазмұнына айналды. Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытатын ойындарды жүйелеп алу тәрбиешінің баламен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ойын барысындағы бірізділікті сақтап, балалардың меңгерген ойын түрлерімен жаңа ойындардың өзара байланасын қамтамасыз еткен жөн. Әр жастағы логикалық дамудың міндеттері әртүрлі, олар тереңдейді және кеңейеді, өйткені бала өсіп, оның логикалық ойлауы күрделене түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. - Астана, 2014.
2. Төленова Ұ. Т. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойын арқылы адамшгершілікке тәрбиелеу): пед. ғыл. канд. дис. – Алматы,2002.
3. Ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы. - Астана, 2010. - 88 б.
4. Еркебаева Б.Ж., Жұмабаева Ә.Е. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары // Абай атындағы КазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. - №4(64). – Б. 424-428.

ОӘЖ 371.2

Аманжол Р.Ү.
С.Сейфуллин атындағы Казақ агротехникалық зерттеу университеті,
Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінің магистранты
Ғылыми жетекші - п.ғ.д., профессор Қ.А.Сарбасова Астана қ., Қазақстанroza.amanzhol@inbox.ru

КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘНІ

Аннотация: Мақалада колледж білім алушыларының көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың теориялық мәні қарастырылды. Отандық және шетелдік ғалымдардың көшбасшылық қасиеттеріне сипаттамалары көрсетілді.

Тірек сөздер: көшбасшы, көшбасшылық қасиеттер, тұлғалық қасиеттер, білім алушылар.

Аннотация: В статье рассмотрена теоретическая сущность формирования лидерских качеств обучающихся колледжа. Были продемонстрированы характеристики лидерских качеств отечественных и зарубежных ученых.

Ключевые слова: лидер, лидерские качества, личностные качества, обучающиеся.

Annotation: The article considers the theoretical essence of the formation of leadership qualities of college students. The characteristics of the leadership qualities of domestic and foreign scientists were demonstrated.

Key words: leader, leadership qualities, personality traits, learners

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, кәсіптік білімі бар көшбасшы білім алушыларды тәрбиелеу, теориялық алған білімдерді тәжірбиемен ұштастырып білім беру саласына еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, сондай-ақ, көшбасшылық қасиеттері қалыптасқан маман дайындау талап етуде.

Болашақ мамандарға көшбасшылықтық теория негізінде білім беру, білімді, білікті, дағдыларды меңгеруіне негізделеді және кәсіби маңызды көшбасшылық қасиеттерінің қасыптастырады. Колледж білім алушыларының бойында көшбасшылық қасиеті жоғары болса ұжымды тиімді басқара алады,

қабілеттерін қолдану өрісі кеңейеді, табысқа жету мүмкіндігі артады, нәтижеге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Білім беру құндылықтарының мәні қазіргі білім беру бағдарламаларында колледж білім алушыларының көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың тиімді педагогикалық құралдарын іздеуге байланысты проблемалар бірқатар өзекті болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін бірқатар міндеттерді қарастыру қажет: "көшбасшы" және "көшбасшылық қасиет" ұғымдарын нақтылау. Аталған міндеттерді қарастырмай, колледж білім алушыларының кәсіби маңызды көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру технологиясын жобалау мүмкін еместігі көрсетілді.

Колледж білім алушыларының кәсіби маңызды көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру негізі «көшбасшылық» түсінігінен туындайды.

Көшбасшылық (ағылшын тілінен lead - басқару, ал leadership басқара алу қабілеті деген мағынаны білдіреді) — бұл адамдарды өз-өзін - белгілі бір мәнерде ұстауына мәжбүр ету арқылы олардың мінез- кылыктарына әсер ету үшін басқарушының қолданатын құралы [1].

Көшбасшылық - бір адамнын ортақ мақсаттарға қол жеткізуі үшін бір топ адамга ыкпал ету процесі. Көшбасшылықты процесс ретінде анықтау оның көшбасшыға тән тұлғалык касиет немесе сипаттама емес, көшбасшы мен ізбасар арасында жүретін транзакциялык окиға [2].

Р. Мейр мен Р. Майерстің пікірінше, көшбасшы болу дегеніміз - икемді болу, оңай бейімделе білу және тез әрекет ете білу деп түсіндіреді [3]. Яғни көшбасшы кездейсоқ жағдайларға, үздіксіз өзгерістерге икемделетін, түрлі мәселелер туындағанда қабілетімен шыңдалатын және мұндай сынақтардан тәжірбие жинап, қабілеттерін шыңдайтын тұлға.

Стивен Ковидің принцип-центризм тұжырымдамасындағы көшбасшы қызметке бағытталған, оң энергия шығарады, синергетикалық, басқа адамдарға сенеді, олардың өмірі теңдестірілген және олар өмірді шытырман оқиға ретінде қабылдайды[4]. Көшбасшының жетістігі қарамағындағылардың жетістігімен өлшенеді, алдымен топ мүшелерінің қарым-қатынасын нығайтып, осал тұстарымен жұмыс жасап, әрбір топ мүшесінің қабілеттерін және қасиеттерін дұрыс қолдану жоғары нәтижеге қол жеткізеді.

Көшбасшылыққа дәстүрлі көзқарас екі теорияга негізделген: көшбасшылық қасиеттер теориясы және көшбасшылық мінез- құлық тұжырымдамасы.

Көшбасшылық қасиет – тұлғаның өзіне тән сапалық болмысы, ерекшелігі және меншік негізіндегі шартты нысаны болып есептеледі. Көшбасшының тұлғалық қасиеті қоғаммен байланысты жақсартатын құрал, сондай қатар тұлғаның тұрақты ой-өрісі қалыптасуының негізі.

Колледж білім алушыларының кәсіби маңызды көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда әлемдік тәжірбиелерге және зерттеулерге сүйенеміз.

Төменде 1- кестеде зерттеушілер нағыз көшбасшыларға тән көптеген жеке және ерекше қасиеттерді атап өтеді.

Стогдилл:	Манн:	Киркпартик пен Локк:	Заккаро Кемп және Бадер:	К.Ж.Елшибекова:
жетістік, табандылық, зеректілік, бастамашы-лық, өзіне сенімділік, жауапкерші-лік, серіктестік құру, ықпал, көпшілік.	интеллект, икемділік, үстемділік, экстравер-сия және консерва-тизм	ұмтылыс, мотивация, адалдық, сенімділік, танымдылық қабілеті, міндеттерді білу және білім.	танымдық қабілеті, экстраверсия, акниеттілік, эмоциялық тұрақтылық, ашықтық, аққөңілділік, мотивация, әлеуметтік интеллект, өзіндік бақылау, эмоциялық интеллект, проблеманы шешу.	ашықтық(кең көзқарас), әңгімелесушіні тыңдай білу (карым-катынас), конформизм (батылдық),өз қасиеттерін адекватті бағалау (мінез)

1-кесте. Отандық және шетелдік ғалымдардың көшбасшылық қасиеттеріне сипаттамалары

Кестеде берілген көшбасшылық қасиеттерге негізделген ұстаным арқылы зерттеушілер анықтаған тұлғалық қасиеттер мен сипаттаманың қысқаша мазмұны берілген. Ол көшбасшылыкка катысты тұлғалык ка- сиеттер аясын айкын көрсетеді. Сондай-ақ бұл кесте белгілі бір тұлғалық касиетті көшбасшылыктын анықтаушы ерекшелігі ретінде тандап алудын қаншалықты қиын екенін түсіндіреді; оның кейбіреуі бірнеше зерттеуде көрініс тапса, енді бірін санаулы зерттеуден ғана байқауға болады [1; 2].

Д.Карнеги өз зерттеуінде төмендегідей пікір білдіреді, «Есіңізде болсын, қауым үнемі өзіне сенімді көшбасшыға сеніп, бағынатын болады. Ұжымға туылғаннан бері сенімді шешім қабылдайтындай, тәуекелшіл, қайтпас қайсар көшбасшы керек» [5]. Сенімді көшбасшылар қатарына Будда, Конфуций, Мұхаммед жұртшылыққа берік сенім ұялатып, сөзі мен іс-әрекеті арқылы шынайы болған ғана көш бастай білген, бұның бәрі де сенімділіктің құдіреті. Қазақтың ұлы жыршысы Бұқар жырау «Ел бастау қиын емес, қонатын жерден көл табылады, қол бастау қиын емес, шабатын жерден ел табылады, шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ»- деп, басқарудағы дұрыс сөйлей білу-жетістіктің негізгі баспалдағы екендігін растаған болатын. Сондай-ақ көшбасшы бойынан табылатын қасиеттер жауапкершілік, адалдық, ізденімпаздылық және шынайылық талап етіледі. Д.Карнеги еңбектерінде көшбасшы болу арқылы көздеген мақсатқа тезірек жету, басқаша айтқанда табысқа арнайы қабілетті шыңдау арқылы жетуге негізделген.

Осылайша, көшбасшы белсенді ұйымдастырушы және іс-әрекетті үйлестіруші ретінде қарастыра отырып, отандық және шетелдік ғалымдардың көшбасшылық қасиеттеріне жазған сипаттамалары мен тұжырымдамалары, колледж білім алушыларының көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда тиімді пайдалану қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған көздердің тізімі

1. Елшибекова, К.Ж. Көшбасшылық: Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. – 75 бет.

2. Ноутхаус Питер Көшбасшылы: теория және практика – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020 жыл. – 38 бет

3. Мейер, Р., Майерс, Р. Виртуозное лидерство: как создать собственный репертуар лидерских стилей. - М.: Издательский дом «Дело», 2019. – 392 с

4. Кови, С. Лидерство, основанное на принципах. - М.: Альпина Паблишер, 2019. – 302 с.

5. Дейл Карнеги, «Как влиять на людей и выработать уверенность в себе, выступая публично». - Москва . Издательство АСТ, 2021. – 256 с

Амержанова Д.С
Абай атындағы Қазақ ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы, dinaamerzhanova@mail.ru

Қыяқбаева Ұ.Қ
п.ғ.к.,қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттықпедагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы kyakbaeva@mail.ru

LEGO ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақалада заманауи білім беру технологиясына арналған-LEGO құрастыру технологиясы, атап өтілген баланың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді, шығармашылық –зияткерлік дағдыларын қалыптастырады.Мақалада LEGO технологиясы туралы, анықтамасы, осы жүйенің артықшылықтары жайлы жазылған. Сонымен қатар мектеп алды топ балалардың шығармашылық-зерттеушілік дағдылары және құрастырудың түрлері мен формалары, робототехника мен lego конструкторлары туралы ақпарат берілген, балалардың құрастыру біліктері мен дағдыларын дамыту жағдайлары ашып көрсетілген.

Кілт сөздер: LEGO құрастыру , дағды, мектепке дейінгі білім, білім беру, робототехника, ғылыми-техникалық білім, технологиялық шығармашылық.

Аннотация. Данная статья посвящена современной образовательной технологии - технологии LEGO, которая способствует формированию познавательных интересов у ребенка, формирует

творчески-интеллектуальные умения, описывает технологию LEGO, ее определение и преимущества данной системы. При этом были даны сведения о творческих и исследовательских способностях дошкольников видах и формах сборки, робототехники и конструкторов «Лего».Выявлены условия развития у детей сборочных умений и навыков.

Ключевые слова: LEGO, навыки, дошкольное образование, образование, робототехника, научно-техническое образование, технологическое творчество.

Abstract. This article is devoted to modern educational technology-LEGO assembly technology, which contributes to the formation of cognitive interests of the noted child, forms creative and intellectual skills. This article is about LEGO technology, definition, advantages of this system. In addition, the pre-school group provides information about the creative skills of children and types and forms of Assembly, robotics and lego constructors, reveals the conditions for the development of Assembly skills and skills of children.

Keywords:LEGO building, skills, preschool education, education, robotics, scientific and technical education, technological creativity.

Қазақстан Республикасы білім беру және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында патриоттық, рухани-адамгершілік азаматтық тәрбие беру мәлесін қойып, білім беру жүйесінің мектепке дейінгі кезеңнен бастау алуды көздейді. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартында мектепке дейінгі ұйымдарда зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуымен тұлға қалыптастыру басты міндет болып берілуде. Жалпы мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту процесінде педагогикалық білімі бар тәрбиешілер қызмет атқарады, десек те осы педагогтарға бағыт беріп, жаңашыл әдістерді таныстырып, білім сапасын арттыруда жаңа технологияларды қолдана ала білуінде алатын орны ерекше.

Ойын-адам қызметінің ерекше түрі. Бұл өскелең ұрпақты өмірге дайындаудың әлеуметтік қажеттілігіне жауап ретінде пайда болады және баланың психикалық дамуында жетекші болады

Құрастыру іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда маңызды орын алады және күрделі танымдық процесс болып табылады.Нәтижесінде балалардың интеллектуалды дамуы жүреді: бала тәжірибиелік білімді игереді, маңызды белгілерді бөліп көрсетуді, бөлшектер мен заттар арасындағы қатынастар мен байланыстарды орнатуды үйренеді. ЛЕГО құрастыру -бұл балалардың дамуының ең заманауи бағыттарының бірі, ол нақты әлемнің үш өлшемді модельдерін және өзін-өзі оқытудың , баланың дамуының пәндік және ойын ортасын кеңінен қолданады. ЛЕГО конструкторын ойнау арқылы балаларға оқуға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда ЛЕГО конструкторларын қолдану қажеттілігі даусыз. Балалардың "ойнап" оқитынын отандық психологтар мен педагогтар (Л.С. Выготский, В. В. Давыдов,Л.В Запорожец және т. б.) балалардың шығармашылық мүмкіндіктері мектеп жасына дейінгі жасында пайда болатындығын және олардың дамуы арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетінде әлеуметтік дамыған қызмет құралдарын игеру кезінде пайда болатындығын дәлелдеді. Зерттеуші-ғалымдар Л.П. Лурия, Н. Н. Поддякова, А. Н. Давидчук, Л. А. Парамонованың айтуынша, жеңіл бөлшектерден жасалған заттарды жобалау-бұл мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды дамуы үшін керемет құрал, әр түрлі іс-шаралардың интеграциясын қамтамасыз етеді.

Конструктор эксперимент жасауға және өзінің шексіз әлемін құруға, бір жағынан ұжымның ажырамас бөлігі ретінде, екінші жағынан қалыптасқан жағдайда сөзсіз көшбасшы болуға мүмкіндік береді .Бірақ ең бастысы – ойын балаларға өзіне деген сенімділік береді. Балалар талдауды үйренеді, сөйлеу, шығармашылық қиял, қарым-қатынас қабілеттері дамиды, есте сақтау қабілеті жақсарады, зейін тұрақты болады, балалар логикалық ойлауды үйренеді.

ЛЕГО-конструкторды игеру қарапайымнан күрделіге қарай дәйекті түрде жүзеге асырылады . ЛЕГОны игерудің бірінші бөлігі-логикалық ойлауды дамытуға арналған жаттығу. LEGO конструкторы үздіксіз білім беру іс-әрекетінде кеңінен қолданылады және келесі мәселелерді шешеді: ойлау процестерін дамытады (Талдау, синтез, салыстыру, жалпылау және т.б.). Ойлауды белсендірудің тиімді құралы модельдер, сызбалар, жоспар, үлгі, жад бойынша жобалау болып табылады.

Негізгі міндеттер :

1. Жіктеу дағдыларын жетілдіру
2. Логикалық заңдылықтарды талдауға және талдау негізінде дұрыс қорытынды жасауға үйрету.
3. Жад пен зейінді белсендіру.
4. Симметрия жиындары мен принциптерімен танысу.

5.Комбинаторлық қабілеттерді дамыту.

6.Кеңістікте бағдарлау дағдыларын бекіту

Балалар көбінесе бейнелеу өнері немесе есте сақтау бойынша жұмыс жасайды. Идеялардың болуы қиялдың дамуына тамақ береді. Балалар тақырыпты таңдап, өз идеяларын жұмыста бейнелейді. Олар өз моделін құрып қана қоймай, оны басқаларға көрсете алады. Не салынды? Бұл не үшін қажет? Нысанды талдай отырып, бала жасалған әрекеттер туралы ауызша есеп береді. Демек, құрастыру сабағында балалардың сөйлеуі дамиды. Ұжымдық құрылысты орындау кезінде балалар дауласуға, сұрақтарын тұжырымдауға, шешім қабылдауға үйренеді. Бала үшін өз еңбегінің өнімімен ойнауға тамаша қызығушылық ашылады.

Құрастыру жиынтығымен ойнай отырып, әр баланың даму деңгейін үнемі арттыруға мүмкіндігі бар. Ең қызығы, балалар өздерін нағыз жасаушылар сияқты сезінеді және олардан бұрын ешкім мұндай нәрсені жасаған жоқ деп ойлайды. Кішкентай балалар ойнап, дағдыларды игеріп, әртүрлі ғимараттарды жобалауды және салуды, машиналарды немесе ерекше механизмдерді жинауды үйренеді. Құрастырудың бөлшектерін сұрыптай отырып, ұлдар заттарды бөлуге, оларды түсі, пішіні, өлшемі бойынша ажыратуға тырысады. Бұл процесте педагогтар шыдамдылық, төзімділік,табандылық танытып , бәрін соңына дейін жеткізуге тырысуы қажет. Бұл балаларды тәрбиелейді және жауапкершілікке тартады, тәртіпке үйретеді, өйткені ойыннан кейін әр уақытта конструкторды қорапқа салу керек, ал егер баланың туындысы ерекше сәтті болса, оны көрнекті жерде қалдырып, келесі ойынға таңдануға болады.

"ЛЕГО" ойындары баланы нақты әлемде, кеңістікте және уақытта зерттеу және бағдарлау тәсілі ретінде әрекет етеді. ЛЕГО технологиясы интерактивті педагогикалық технология деп аталады, өйткені ол балалардың танымдық белсенділігін ынталандырады. ЛЕГО өнімдерін қолдануы оның жоғары білім беру мүмкіндіктерімен анықталады: көпфункционалдылық, техникалық және эстетикалық сипаттамалар, әртүрлі ойын және оқу аймақтарында қолдану. ЛЕГО құрылысы-бұл модельдейтін шығармашылық және өнімді іс-әрекеттің бір түрі. Оның көмегімен қиын оқу міндеттерін жеңілген адамдар болмайтын қызықты шығармашылық ойын арқылы шешуге болады,әр бала оны жеңе алады. ЛЕГО-конструкторлардың практикалық құндылығы балалардың ерлі-зайыптыларда жұмыс істей білуінде; ЛЕГО-терминологияны меңгеруінде; ғылым мен техника әлемінде жаңа нәрселерді ашуға деген ұмтылыста; қойылған міндеттерді шешуде стандартты емес және екіұштылықта; балалардың бір-біріне көмектесуге, коммуникативтік дағдыларды дамытуға деген ұмтылысында; конструкторлық қабілеті бар балаларды анықтауда; логикалық ойлау қабілетінде көрінеді.

Қорытындылай келе, ЛЕГО құрастыру мектеп жасына дейінгі баланың психикалық процестерін дамытуда үлкен рөл атқарады деп айта аламыз, атап айтқанда:

* назар аудару,
* жад,
* қиял,
* зейін,
* көрнекі және тактильді есте сақтауды дамыту,
* шығармашылық ойлау,
*коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz)

3.Ишмакова М.С.Конструирование в дошкольном образовании условиях введения ФГОС: пособие для педагогов. ИПЦ «Маска», 2013.100 с.

4. Куцакова Л. В. Конструирование и ручной труд в детском саду. Программа и методические рекомендации. Для детей 2-7 лет. М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2010. 90 с

5. Варяхова Т. Примерные конспекты по конструированию с использованием конструктора ЛЕГО // Дошкольное воспитание. - 2009. - № 2. - С. 48-50.

6. Емельянова, И.Е., Максаева Ю.А. Развитие одарѐнности детей дошкольного возраста средствами легоконструирования и компьютерно_игровых комплексов. – Челябинск: ООО «РЕКПОЛ», 2011. – 131 с.

УДК 14.85.33

Амирова А.С.
п.ғ.д., профессор, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
кафедра начального образования, Казахстан, г. Алматы,
e-mail:amirova57@mail.ru

ХАЙФЛЕКС ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аңдатпа.Бұл мақалада студенттердің оқыту үдерісін түбегейлі өзгертетін замануи технологиялардың бірі – «Хайфлекс» технологиясы. Яғни, студенттердің білім алуының жаңа тәсілдерін меңгеруді қажет етеді дегенді білдіреді. Бұл еліміздегі білім беру ұйымдарының электрондық ресурстарға қолжетімділігінің артуымен байланысты болмақ. Бұл болашақ педагогтің кәсіби табыстылығын қамтамасыз етуге бағытталған цифрлы білім алуда электрондық ресурстарды пайдаланып, білім қорларынан оқу материалдарын белсенді, саралап меңгеруде цифрлық дағдыларын дамытуға негіз болады. HyFlex қазірдің өзінде жоғары білімнің болашағы деп аталып, шетелдік және ресейлік жоғары оқу орындарында қолданылады. Ол алғаш рет 2006 жылы жоғары оқу орнында студенттерге білім алудың формасын таңдауға мүмкіндік беру үшін енгізілді: аудиторияда сабаққа қатысу немесе кез-келген уақытта біреуін екіншісіне өзгертуге ие бола отырып, онлайн режимінде оқу. HyFlex соңғы курс студенттері мен магистранттары үшін тиімді болмақ. Огайо университеті өзінің HyFlex оқу тәжірибесі туралы зерттеуінде HyFlex оқытудың жақсы нұсқасы екенін анықтап, бірақ сонымен бірге технологияның біртұтас емес екенін және осы модельді дамыту үшін қосымша зерттеулер қажет болып табылады.

Кілт сөздер: ақпараттық ғасыр, хайфлекс, гибридті оқыту, коммуникативті дағды, оқыту моделі, технология.

Аннотация. В данной статье представлена одна из современных технологий, кардинально меняющих процесс обучения студентов – технология «Хайфлекс". То есть требует освоения студентами новых способов обучения. Это будет связано с увеличением доступа организаций образования страны к электронным ресурсам. Это станет основой для развития цифровых навыков активного, дифференцированного освоения учебных материалов из фондов знаний с использованием электронных ресурсов в цифровом образовании, направленных на обеспечение профессионального успеха будущего педагога. HyFlex уже называют будущим высшего образования и используют в зарубежных и российских вузах. Впервые он был представлен в 2006 году в высшем учебном заведении, чтобы позволить студентам выбирать форму обучения: посещать занятия в аудитории или учиться онлайн, имея возможность в любой момент изменить одну на другую. HyFlex будет эффективен для студентов и магистрантов последних курсов. В своем исследовании практики обучения HyFlex Университет Огайо обнаружил, что HyFlex является хорошим вариантом обучения, но в то же время предполагает, что технология не является целостной, и необходимы дополнительные исследования для разработки этой модели.

Ключевые слова: информационный век, хайфлекс, гибридное обучение, коммуникативные навыки, модель обучения, технология.

Annotation.This article presents one of the modern technologies that radically change the learning process of students – the technology "Highflex". That is, it requires students to master new ways of learning. This will be due to an increase in the access of educational organizations of the country to electronic resources. This will become the basis for the development of digital skills for the active, differentiated development of educational materials from knowledge funds using electronic resources in digital education aimed at ensuring the professional success of the future teacher. HyFlex is already called the future of higher education and is used in foreign and Russian universities. It was first introduced in 2006 at a higher education institution to allow students to choose the form of study: attend classes in the classroom or study online, having the opportunity to change one to another at any time. HyFlex will be effective for students and undergraduates of the last courses. In its study of HyFlex learning practices, Ohio University found that HyFlex is a good learning option, but at the same time suggests that the technology is not holistic, and more research is needed to develop this model.

Keywords:information age, highflex, hybrid learning, communication skills, learning model, technology.

XXI ғасыр ақпараттық ғасыр болғандықтан студенттердің оқыту үдерісін түбегейлі өзгертетін замануи технологиялардың бірі – «Хайфлекс» технологиясы. «Хайфлекс» технологиясы студенттердің білім алуының жаңа тәсілдерін меңгеруді қажет етеді. Бұл еліміздегі білім беру ұйымдарының электрондық ресурстарға қолжетімділігінің артуымен байланысты болмақ. Бұл болашақ педагогтің кәсіби табыстылығын қамтамасыз етуге бағытталған цифрлы білім алуда электрондық ресурстарды пайдаланып, білім қорларынан оқу материалдарын белсенді, саралап меңгеруде цифрлық дағдыларын дамытуға негіз болады.

HyFlex (екі сөзден тұратын ағылшын сөзі: гибридті-гибридтік, икемді-икемділік) - бұл онлайн және оффлайн форматты, синхронды және асинхронды оқытуды біріктіретін білім беру моделі. HyFlex қазірдің өзінде жоғары білімнің болашағы деп аталып, шетелдік және ресейлік жоғары оқу орындарында қолданылады. Ол алғаш рет 2006 жылы жоғары оқу орнында студенттерге білім алудың формасын таңдауға мүмкіндік беру үшін енгізілді: аудиторияда сабаққа қатысу немесе кез-келген уақытта біреуін екіншісіне өзгертуге ие бола отырып, онлайн режимінде оқу.

B.Betty гибридті оқыту HyFlex learning платформасын құрды. Онда студенттердің оқу форматын таңдау мүмкіндігі бар: бетпе-бет, онлайн немесе аралас формада оқиды. Кейбір зерттеушілер оны оқыту,- деп санайды [1]. HyFlex соңғы курс студенттері мен магистранттары үшін тиімді болмақ. Огайо университеті өзінің HyFlex оқу тәжірибесі туралы зерттеуінде HyFlex оқытудың жақсы нұсқасы екенін анықтап, бірақ сонымен бірге технологияның біртұтас емес екенін және осы модельді дамыту үшін қосымша зерттеулер қажет екенін анықтады.

И.К.Войтович гибридті оқытудың артықшылықтары арасында «білім беру үдерісінің өнімділігін арттыру, материалдардың қолжетімділігін арттыру, қаржылық шығындарды азайту, жаңа технологияларды пайдалану тұрғысынан білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін арттыру», - деп көрсетті [2].

А.С.Остапенко гибридті оқыту ағылшын тілін үйрену кезінде коммуникативті дағдыларды жақсартуда дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімдірек, - екенін атап айтқан [3].

Гибридті оқыту моделінің бірнеше үлгілерін Кристенсен Институтының (Christensen Institute Blended Learning Universe) ұсынысы бойынша қарастырып көрейік:

Модель N1: Station Rotation (Аялдамалық Ротация)

Ўзбек халқ мусиқа ижоди юзасидан тадқиқ этилаётган ушбу қўлланманинг методологик асослари сифатида мавзу юзасидан жамланган барча манбалар миллий Мустақиллик мафкураси асосида баҳоланади, халқ қўшиқчилик намуналари замонавий мусиқашуносликда шаклланган тизимли ёндошув асосида тадқиқ қилинади. Бунда ўзбек мусиқашунослари (Ф.Кароматли, И.Ражабов, Т.Ғофурбеков, О.Азимова, Ил. Акбаров, Р.Абдуллаев, О.Иброҳимов, Н.Тоштемиров, Р.Юнусов, Д.Муллажонов, Қ.Панжиев ва бошқа), ҳамда Мустақил давлатлар ҳамдўстлиги олимлари (А.Алексеев, В.Гусев, И.Земцовский, Т.Попова, А.Мухамбетова, К.Дюшалиев, А.Низомов, Ш.Гуллиев, А.Хошимов)нинг халқ мусиқа ижодига доир тадқиқотларида эришилган илмий натижалари мазкур тадқиқот ишларининг таянч асосларини ташкил этди.

Ўзбек халқ оғзаки ижоди яъни, мусиқий-фольклор орқали ҳозирги кунгача “етиб” келган қўшиқ намуналари ўрганилган ва таҳлил этилган. Табиийки, мазкур намуналардан тарихий келиб чиқиш илдизлари ва тадрижий ривожланиш босқичлари ҳам катта илмий қизиқиш уйғотади. Хусусан, айтимлар орасида турли даврларга мансуб (тотеизм, анимизм, зардуштийлик каби эътиқод ва бошқа маросимлар билан боғлиқ) хилма-хил қўшиқлар учрайди. Уларнинг тарихини аниқлашда маҳаллий

аҳоли кекса авлод вакилларидан олинган маълумотлар ҳам қимматли ҳисобланади. Зеро, маҳаллий аҳоли томонидан куйланаётган қўшиқлар неча асрлардан буён узлуксиз равишда аждоддан авлодга маънавий мерос сифатида ўтиб келмоқда. Шу билан бирга фольклоршунос, адабиётшунос, тарихшунос ва археолог олимларнинг айрим тадқиқотлари ҳам муҳим маълумотлар манбаи сифатида хизмат қилди.

Ўзбек халқ мусиқа ижодини ўрганишдаги дастлабки уринишларни ҳурматли олим, профессор Ф.М.Карорматли томонидан 1955-1956, 1958, 1961 йиллари мазкур вилоятга уюштирилган мусиқий-фольклор сафарлари натижасида кўриш мумкин. Жумладан, йиғилган чолғу куй ва қўшиқ намунлари асосида "Узбекская домбровая музыка" ва "Ўзбек халқининг мусиқа мероси" туркум нашрлари юзага келди, вилоят мусиқаси эса ўзбек миллий мусиқаси таркибини ташкил этган тўртта асосий маҳаллий услуб сифатида тавсиф этилди. ЎзР ФА Санъатшунослик институти олимлари томонидан ўлка халқ санъатини мажмуали ўрганиш мақсадида қатор илмий сафарлар уюштирилди. Тадқиқотлар давомида туманнинг маданий ҳаёти билан бир қаторда мусиқа анъаналари ҳам бир қадар ўрганилиб, унинг дастлабки натижалари ўзбек, рус ва инглиз тилларида илмий жамоатчилик ҳукмига ҳавола этилди. Бироқ, буларнинг барчаси ўзбек халқ қўшиқчилик ижодиётини, унинг бой мусиқий анъаналарини ўрганиш йўлидаги илк қадамлар.

Юқорида зикр этилган илмий тадқиқотларда ўрганилаётган қўшиқларнинг куй, оҳанг асоси эътибордан четда қолган, демакки, оҳанг ва шеър муносабатлари бир қатор кенг ёритилганлигини кўриш мумкин. Шу боис мамалакатимиз ҳудудларининг шаҳар ва қишлоқларида истиқомат қилаётган аҳоли ижодиётида мавжуд қўшиқлар бирма-бир кўздан кечирилиб, уларнинг ўзига хос жиҳатлари, куй-оҳанг ва шеърий тузилмалари илмий ўрганиш, бир-бирига солиштирилган ҳолда инвариант аслини аниқлашга ҳаракат қилиш ҳамда шу аснода ўзбек халқ қўшиқчилик ижодиёти ва унинг ривожланш босқичлари хусусида узил-кесил хулосалар қилиб бориш соҳа мутахассислари олдида катта вазифаларни юклайди.

Мусиқашунос олимлар ўзбек халқ мусиқа ижоди намуналарини ижтимоий ҳаётда тутган ўрни ва бажараётган вазифаларига кўра қуйидаги икки асосий гуруҳга тасниф этадилар:

а) Ижро этилиши маълум шароит ва вазиятлар билан шартланган куй-қўшиқлар (оилавий, мавсумий, меҳнат, диний айтимлар);

б) Исталган "вазият" ёки эркин мавзули куй – қўшиқлар (қўшиқ, терма, лапар, ялла).

Бунда биринчи гуруҳ мазмунини меҳнат жараёнига боғлиқ айтимлар, оилавий маросим, мавсумий маросим ва меҳнат қўшиқлари ташкил этса, иккинчи гуруҳ таркиби ўз ичига қўшиқ, терма, лапар, ялла, ашула каби айтимларни олади.

Оилавий маросимларнинг энг зарур вазифалари қаторида авлодларни миллий қадрият, анъана ва кўркам одатлар асосида тарбиялашни қайд этиш мумкин. Бу ҳол ўз навбатида, мазкур вазият қўшиқларини ижро шаклига кўра қатор тур ва туркумларга ажратишни тақозо этади. Шунга кўра инсон умри давомида унга ҳамроҳлик қилиб келувчи оилавий маросимларни шартли равишда етти турга ажратиш мумкин.

Мавсумий қўшиқлар – Республикамиз халқ мусиқа ижодиётининг салмоқли қисмини ташкил этади. Инсониятнинг кўп асрлик умри давомида йил фаслларининг тутган ўрни бениҳоят каттадир. Фольклоршунос ва мусиқашунос олимларимиз томонидан йилнинг тўрт фаслига хос маросимлар ўтказилганлиги эътироф этилган.

Меҳнат бу – инсоннинг нафақат жисмоний, балки, руҳий зўриқишидир. У оғир бўлиб кишидан машаққат талаб этади. Ана шу машаққатни куй-қўшиқларига солиб куйлаш маҳаллий аҳолининг ўзига хос хусусиятларидан биридир. Азалдан бу халқ оғир меҳнатни енгиб ўтишда руҳий тетиклик ва қувват бағишловчи қўшиқлар тўқиган ва куйлаган. Халқ қўшиқчилик ижодиётида юзага келган меҳнат айтимлари мусиқашуносликда қайд этилган уч турга бўлиниш анъанасига мувофиқ тасниф эилади.

Ўзбекистон Республикаси мусиқа анъаналари таркибида қўшиқ жанри алоҳида ўрин эгалайди. Ўзбек қўшиқчилик ижодиётида етакчилик қилаётган ушбу туркумнинг қўшиқ, терма, лапар, ялла каби жанрлари мавжуд.

Хулоса сифатида айтиш керакки Ўзбекистон мусиқий-фолькор санъати ниҳоятда бой ва ранг-баранг бўлиши билан бир қаторда, ҳалқнинг ижтимоий турмуш тарзида таркиб топган ва ривожланган санъат шаклларидир.

Фойдаланилган адабиётлар

1. Ўзбекистон Республикаси Президентининг "Ўзбекистонда мусиқа санъатини янада ривожлантиришни қўллаб қувватлаш ва рағбатлантириш чора-тадбирлари тўғрисида"ги Фармони.

1995 йил 20 октябрь // Ўзбекистон овози. – Тошкент, 1995. – 21 октябрь. – Б. 1-2.
2. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 17 ноябрдаги “Ўзбек миллий мақом санъатини янада ривожлантириш чора-тадбирлари тўғрисида” Ўзбекистон Республикаси Президентининг Қарори // Халқ сўзи. – Тошкент, 2017. – 18 ноябрь. – Б. 1-2.
3. Абдурахмон Жомий. Рисолаи мусиқий. – Тошкент: Фан, 1997. – Б. 310.
4. Кароматов Ф.М. Ўзбек мусикаси тарихи. Тошкент, Ўқитувчи. 1981. – Б. 27-34
5. Алавия М. «Ўзбек халқ маросим қўшиқлари» Тошкент, Фан, 1974 й. – Б. 221.
6. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. Алматы, дайк Пресс, 2002 г.– С. 324.
7. Гуллыев Ш. Туркменская музыка. Автореферат диссертации на соискание ученой степенна доктора искусствоведения, специальность: 17.00.02 – Музыкальное искусство. Ташкент. 1998 г.– С.37.
8. Дюшалиев К., Лузанова Е. Кыргыское народное музыкальное творчество: Учеб. Пособие / Под ред. Е. В. Назайкинскогою – Б.: Илим, 1999, - 344 с.
9. Иброҳимов О.А. «Ўзбек халқ мусиқа ижоди» (методик тавсиялар I қисм), Тошкент, 1994 й. – Б. 62.
10. Низамов А. Суфизм в контексте музыкальной культуры народов Центральной Азии, Автореферат диссертации на соискание ученой степенна доктора искусствоведения, специальность: 17.00.02 – «Музыкальное искусство». Ташкент. 1998, - С. 36.
11. Панжиев Қ.Б. Ўзбек халқ қўшиқчилик ижодиёти. Ўқув қўлланма. Тошкент, 2021. – Б. 274.

УДК 376.37

Рсалдинова А.К, Утемуратова А.Б., Сүлеймен Ә.Қ.
Ғылыми жетекшісі п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
7М01902-Логопедия мамандығының 2 курс магистранты Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
7М021–Арнайы педагогика бойынша мамандар даярлау мамандығының 3 курс докторанты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЛОГОПЕДТІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: Бала мен қоршаған орта арасындағы байланыстың ең маңызды құралы-адамның күрделі жоғары психикалық функцияларының біріне жататын сөйлеу тілі болып табылады. Осы ретте баланың сөйлеу тілін түзету және дамыту барысында логопедтің баланың ата-анасын түзеу-педагогикалық процесінее белсенді қатысушы ретінде қосу және бұл жұмысты ұйымдастыруы маңызды орын алады. Аталмыш мақалада мектепке дейінгі сөйлеу тілі бұзылысы бар балалардың ата-аналарымен логопедтің өзара қарым-қатынас орнату жолдары мен формалары көрсетілген.
Кілт сөздер: мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі бұзылысы бар бала; ата-ананың құзіреттілік деңгейі; әңгімелесу; тақырыптық кеңестер; ақпараттық-аналитикаық жұмыс.

Аннотация. Важнейшим средством связи между ребенком и окружающей средой является речь, принадлежащая к одной из сложных высших психических функций человека. При этом важное место в процессе коррекции и развития речи ребенка занимает включение в коррекционно-педагогический процесс родителей ребенка логопедом в качестве активного участника и организация этой работы. В данной статье представлены пути и формы взаимодействия логопеда с родителями детей с нарушениями речи дошкольного возраста.
Ключевые слова: ребенок с нарушениями речи дошкольного возраста; уровень компетентности родителей; беседа; тематические консультации; информационно-аналитическая работа.

Abstract. The most important means of communication between the child and the environment is speech, which belongs to one of the complex higher mental functions of a person. At the same time, an important place in the process of correction and development of a child's speech is occupied by the inclusion of the child's parents in the correctional and pedagogical process by a speech therapist as an active

participant and the organization of this work. This article presents the ways and forms of interaction of a speech therapist with parents of children with speech disorders of preschool age.

Keywords: a child with speech disorders of preschool age; the level of competence of parents; conversation; thematic consultations; information and analytical work.

Логопедиялық жұмыстың толыққанды жүргізілуі үшін логопедтің баланың ата-анасымен тығыз ынтымақтастығы мен өзара бірлескен әрекетінің болуы шарт. Ата-ананы бірлескен процеске қосу баланың сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмыстың тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, ата-ана баланы маманға әкелуімен, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі түзете-дамыту процесінің ата-ананың өз функцияларын логопед пен тәрбиешілерге ауыстыруды білдірмейтінін ұмытып кетеді, керісінше түзете-дамыту процесі қатысушыларын тығыз ынтымақтастыққа шақырады. Сөйлеу тілі бұзылысы бар баланың отбасын түзету процесіне тарту бірнеше шарттардың орындалуын қамтиды. Біріншіден, логопедтің ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнатуы; екіншіден, сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау және түзету мәселелерінде ата-ананың құзыреттілік деңгейін арттыру; үшіншіден, ата-аналармен жұмыс жасауда әдістердің дәстүрлі және инновациялық түрлерін қолдану.[1]

Логопедтің ата-аналармен жұмысының маңыздылығы мен алуан түрлілігін асыра бағалау қиын. Оларды пайдалану қажеттілігі тек логопед үшін ғана емес, ең алдымен балалары мектепке дейінгі мекемеге баратын ата-аналар үшін де маңызды. Түзету процесінің сәттілігі көбінесе ата-ана мен логопед арасындағы өзара қарым-қатынастың қандай түрде ұйымдастырылғанына байланысты. Отбасымен өзара әрекеттесудің негізгі формалары ұжымдық, жеке және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді.

Ұжымдық формаларға ата-аналар жиналыстары, кеңестер, семинарлар жатады. Топтық ата — аналар жиналысы-бұл логопедтің ата-аналар тобымен жұмысының тиімді түрі, отбасы жағдайында белгілі бір жастағы балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын түзете-дамытудың міндеттерімен, мазмұнымен және әдістерімен ұйымдастырылған таныстыру формасы. Жиналыс алдын-ала айтылған тақырып бойынша өткізіледі және ата-аналарға ыңғайлы уақытта тағайындалады. Құрылымы бойынша кеңес беру және семинар ата-аналар жиналысына ұқсас. Өзара әрекеттесудің екі түрінде де логопед өзінің теориялық білімі мен практикалық дағдыларын ата-аналарға береді.

Жеке формаларға ата-аналармен әңгімелесу мен тақырыптық кеңестер кіреді. Әңгімелесу-отбасымен байланыс орнатудың ең қолжетімді түрлерінің бірі. Әңгімелесу тәуелсіз формада болуы мүмкін және басқа жұмыс түрлеріне қосылуы мүмкін. Әңгімелесудің мақсаты - белгілі бір мәселе бойынша пікір алмасу; оның ерекшелігі-логопед пен ата-ананың белсенді қатысуы. Әңгіме түзету және дамыту процесінің кез-келген қатысушысының бастамасы бойынша өздігінен пайда болуы мүмкін. Әңгімелесуге дайындық кезінде логопед ата-анаға қандай сұрақтар қоятынын ойластырып, оларға тақырыпты хабарлап, олардан жауап алғысы келетін сұрақтарды дайындауы қажет.

Тақырыптық кеңестер қазіргі уақытта бір немесе бірнеше отбасы үшін өзекті болып табылатын мәселені егжей-тегжейлі көрсету мақсатында ұйымдастырылады. Консультацияның бір бөлігі балаларды оқытудағы қиындықтарға арналған. Кеңес беру әңгімелесуге жақын, олардың басты айырмашылығы-әңгімелесудің диалогты түрде өтуі. Логопед ата-анаға таңдалған тақырып бойынша білікті кеңес беруге тырысады. Бұл форма отбасы өмірін жақынырақ білуге, қажет кезде көмек көрсетуге мүмкіндік береді, ата-ананы балаға байыпты қарауға, баланы тиімді оқыту мен тәрбиелеу туралы ойлануға шақырады. Кеңес берудің басты мақсаты-ата-ананы бала тәрбиесінде қолдау және кеңес беру болып табылады. Логопедтің ата-аналармен өзара ынтымақтастығында көрнекі-ақпараттық әдістер маңызды орынға ие. Мұнда ата-ана баланың сөйлеу тілін түзету мен дамытудың шарттарымен, міндеттерімен, мазмұнымен және әдістерімен, сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын-алу жолдарымен танысады, үй жағдайында баламен жұмыс жасауда тиімді бағдар беріледі. Ақпарат баспа, аудио-видео жазба, бейнефрагмент, фотосурет, жадынама, электронды жазба түрінде беріледі.[3]

Қазіргі уақытта ата-аналармен қарым-қатынастың дәстүрлі емес түрлері мамандар мен ата-аналар арасында ерекше танымал, олардың бірнеше түрлеріне тоқталсақ: ақпараттық-аналитикалық, танымдық көрнекі-ақпараттық (ақпараттық-танымдық және ақпараттық-ағартушылық формалар).

Ата-аналармен қарым-қатынасты ұйымдастырудың ақпараттық-аналитикалық формаларының негізгі міндеті-әр баланың отбасы, оның ата-анасының жалпы мәдени деңгейі, оларда қажетті педагогикалық білімнің болуы, отбасындағы балаға деген көзқарас, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық ақпаратқа деген сұраныстары, қызығушылықтары, қажеттіліктері туралы мәліметтерді жинау, өңдеу және пайдалану болып табылады. Аналитикалық форма негізінде мектепке дейінгі

мекеме жағдайында балаға жеке тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыруға, баламен түзету, тәрбие және білім беру жұмыстарының тиімділігін арттыруға және олардың ата-аналарымен сауатты қарым-қатынас орнатуға болады.

Ақпараттық-аналитикалық жұмыс түрі ата-ананың мүдделерін, сұраныстарын анықтауға, мамандар арасында, ата-ана мен бала арасында эмоционалды байланыс орнатуға бағытталған. Бұл жұмыс түрлеріне: сауалнама, тесттер, "сенім пошта жәшігі" жатады. Бұл жұмыс түрінде кері байланыстың орын алуы маңызды болып есептеледі. Сауалнаманың мақсаты- сөйлеу тілі бұзылысы бар баланың отбасын зерттеу, ата-аналардың педагогикалық-психологиялық біліміндегі қажеттіліктерін анықтау, отбасы мүшелерімен байланыс орнату. Жиналған мәліметтер негізінде нақты ақпаратты ала отырып, логопед әр баланың туыстық байланыстарының құрылымының ерекшеліктерін, мектеп жасына дейінгі баланың отбасы мен отбасылық тәрбиесінің ерекшеліктерін талдай алады және әр ата-анамен қарым-қатынас тактикасын дамыта алады. Бұл әр отбасының педагогикалық қажеттіліктерін жақсырақ бағдарлауға, оның жеке ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі. Бос уақытты бірге өткізу формалары – мерекелер, көрмелер түрінде логопед пен ата-аналар арасында, ата-аналар мен балалар арасында жылы, бейресми, сенімді қарым-қатынас, эмоционалды байланыс орнатуға арналған. Бұл қарым-қатынас формасы топта эмоционалды жайлылық жасауға мүмкіндік береді. Ата-аналар қарым-қатынасқа ашық бола бастайды. Бұл формада мектепке дейінгі мекеме аясында қалыптасқан пікірлес ата - аналарды біріктіретін мәдени орталыққа айналуы мүмкін.

Логопедтің отбасымен қарым-қатынасын ұйымдастырудың танымдық формалары ата-аналарды баланың сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктерімен, сөйлеу бұзылыстарын түзетудің ұтымды әдістері және тәсілдерімен таныстыруға, ата-аналардың практикалық дағдыларын қалыптастыруға арналған. Негізгі рөл дәстүрлі емес формадағы жиналыстарға тиесілі. Дәстүрлі емес ата-аналар жиналысы-пассивті ата-аналардың назарын белсендіретін, әңгімелердің мәнін оңай есте сақтауға ықпал ететін, мейірімді, ашық әңгімеге ерекше көңіл-күй қалыптастыратын әдістер мен тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Мұның бәрі ата-аналардың балалардағы сөйлеу бұзылыстарын түзету мәселелеріне деген қызығушылығын арттырады, топтағы немесе логопед ұйымдастырған жиналыстарға белсенді қатысуды едәуір арттырады, ата-аналарды осы мәселені шешуге белсендіреді. Сондай-ақ, бұл жиналыс түрі ата-аналар клубын ұйымдастыру жолын ашады. Клуб отырыстарына тек маман мен ата-аналар ғана емес, балалар да қатыса алады. Мұндай кездесулерде балалар ата-аналарымен бірге бейнематериалдарды, кітаптарды қарап, мультфильмдерді талқылайды. Балалар белгілі бір ақпаратты түсінуге мүмкіндік алады, ал ата-аналар өз білімдері мен тәжірибелерін ынтамен жеткізеді.[2]

Алайда, ата-аналар жиналысының дәстүрлі емес өткізілуі логопедтің ата-аналарға қарым-қатынас серіктестері ретінде қараған жағдайда ғана айтуға болады, олардың білім беру тәжірибесін, сабақтарға қажеттіліктерін ескере отырып, ата-аналарды белсендіру әдістерін қолданады.

Осылайша, логопед пен ата-аналардың қарым-қатынасын ұйымдастырудың танымдық формалары ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыруда басым рөл атқаруға арналған, яғни ата-аналардың түзету және дамыту процесіне деген көзқарасын өзгертуге ықпал етеді. Ата-ана баланы үйден басқа ортада көреді, сонымен қатар оның басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас процесін бақылайды.

Логопед пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудың көрнекі-ақпараттық дәстүрлі емес формалары логопед жұмысының шарттарымен, мазмұнымен және әдістерімен таныстыру міндеттерін шешеді, бұл логопедтің қызметін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздер:

1. Бачина О.В., Самородова Л.Н. Взаимодействие логопеда и семьи ребенка с недостатками речи.М//ТЦСфера,2009//64 стр

2. Лукашевич, В.А. Сотрудничество логопеда и семьи в современных условиях // Теория и практика образования в современном мире мат-лы V Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, июль 2014 г) – СПб//СатисЪ, 2014// – С201-204

3. Степанова О.А. Организация логопедической работы в дошкольном образовательном учреждении//М//2003г.

ӘОЖ_376

Рымханова А.Р.
PhD, қауымдастырылған профессор
Қыпшақова М.М.
дефектология мамандығының 1курс магистранты,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасы, Қазақстан, Қарағанды қ.
E-mail: kypshakova.moldir@mail.ru

СЕНСОРЛЫҚ ОЙЫНДАР АУТИСТ БАЛАМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ

Аннотация. Мақалада қазіргі заманның өзекті мәселесіне айналып отырған аутизм дерті жайында айтылған. Аутизм немесе аутистік спектрдің бұзылысы бар балалардың негізгі белгілері мен олармен жүргізілетін түзету жұмыстары қарастырылған.Ойын әрекетінің аутистік спектрдің бұзылысы бар балалар үшін маңызы мен сенсорлық ойындардың түрлері баяндалған.Мақаладан осы санаттағы балалармен жүргізілетін сенсорлық ойындардың түрлері мен тәсілдерімен таныса аласыздар.

Түйінді сөздер: аутизм, түзету жұмыстары, ойын, сенсорлық ойын, сенсорлық сезімдер, заттық ойын іс әрекеті, эмоционалды қатынас.

Қазіргі заманның өзекті мәселесінің бірі аутизм болып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтеріне сүйенетін болсақ, дүниежүзінде шамамен әрбір 100 баланың 1-і аутизм дертіне шалдыққан.Ал, Қазақстандағы Денсаулық сақтау министрлігінің ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің хабарлауы бойынша, соңғы 7 жылда балалардағы аутизмнің анықталу жағдайы 5 есеге ұлғайған. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының» мәліметін есепке алатын болсақ, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аутистік спектр бұзылысы бар 4887 науқас динамикалық бақылауда тұр.

2015 жылы балалардағы аутизмнің бар болғаны 228 жағдайы анықталған болса, 2016 ж. – 285; 2017 ж. – 394; 2018 ж. – 476; 2019 ж. – 645, 2020 ж. - 756; 2021 ж. – 1184 жағдай тіркелген.Яғни, бұл көрсеткіштерге қарап, балалардағы аутистік спектр бұзылысының артқандығын байқауға болады.

Аутизм терминін (грек тілінен аударғанда autos-өзі) 1912 жылы Э.Блейлер адамның эмоционалды қажеттіліктерімен реттелетін және шындыққа тәуелді емес ойлаудың ерекше түріне сілтеме жасау үшін енгізді [1].

Зерттеуші ғалымдар Аутизм синдромының ең айқын белгілеріне мыналарды жатқызады:

- Эмоционалды байланыс орнату қабілетінің бұзылуы.
- Мінез-құлықтағы стереотип, монотонды әрекеттердің болуы.
- Сөйлеу дамуының ерекшеліктері: мутизм, эхолалия, сөйлеу штамптары, сөйлеу тілінде 1-ші жақтың (яғни,мен) болмауы.

Аутист балалармен жұмыс істейтін әрбір маман бір мезетте психолог та, мұғалім де, тіпті ата-ана да бола алу керек. Яғни,ол дегеніміз аутист баламен қарым-қатынас стилі көп түрлі: психолог секілді бірде жұмсақ стильден, іскерлік, ынтымақтастық стильге ауыса отырып, содан кейін мұғалім секілді біршама директивті стиліне ауысады, ал бірде ата-анасындай сүйіспеншілігі мен қамқорлығының көрінісі әрқашан да бойында болуы керек екен.

Дамуында кемшілігі бар балалармен жұмыс оларды қоғамға біріктіру және сәтті әлеуметтендіру мақсатында жүргізіледі.

Аутист баламен түзету жұмысы негізінен баланың ересек адаммен және қоршаған ортамен эмоционалды байланысын және өзара әрекеттесуін дамытуға, аутист баланың әлеуметтік бейімделуін арттыратын және мамандар мен ата-аналардың жұмысындағы ең маңыздысы болып табылатын мінез-құлықтың ішкі бейімделу механизмдерін қалыптастыруға бағытталған [2, Б.9].

Аутист баламен өзара әрекеттесу диагнозға және баланың нақты мүмкіндіктеріне байланысты құрылуы керек.

Түзету жұмыстары бір уақытта бірнеше бағытта жүргізілуі керек, олардың арасында ойын әрекеті (баланың ойнау қабілеті мен қалауы) басым бағыттардың бірі болып табылады.

Әдетте ойын мінез-құлқының келесідей түрлері бар:

- манипуляциялық ойын (бала ойыншықты домалатады, айналдырады, лақтырады, оның

"функцияларына" назар аудармайды);

- реттеу (заттарды белгілі бір ретпен орналастыру-бір-біріне қою, қатарға қою, бірінен соң бірін қою және т.б.);

- функционалды ойын (заттар мен ойыншықтарды олардың қызметіне сәйкес пайдалану (мысалы, қуыршақты ойыншық тарақпен тарау);

- символдық ойын (бала затты басқа затпен алмастыра отырып пайдаланады (мысалы, бала таяқшаға ат сияқты секіреді)); бала затқа ие емес қасиеттерді береді ("бұл қуыршақтың беті лас"), бала жоқ затқа бар сияқты қарайды ("егер шыныаяқ бос болса, оны суға толғандай ойнайды") [3, Б.37].

Аутист балалармен жұмыс ең қарапайым міндеттерден басталады:

- Балаларды ересек адамның заттық-ойын іс-әрекетін бақылауға және олардың әрекеттеріне еліктей отырып, іс-әрекетті ересек адамның қолдауымен орындауға үйрету;

- Балаларға ойыншықтармен ойнатуға үйрету;

- Ересектерге еліктеу және іс-әрекеттерді көрсету арқылы балаларды

заттық ойын іс-әрекетін орындауға деген қызығушылығын арттыру;

- Балаларда ойналатын затқа немесе ойыншыққа эмоционалды қатынасты тәрбиелеу;

- Балалардың қозғалыс ойындарына деген қызығушылығын арттыру;

- Балаларға таныс ертегілердің эпизодтарын сахналауға қатысуға үйрету;

- Балаларды бір-біріне кедергі жасамай ойнауға үйрету [4, Б.13].

Ойын- баланың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізетін бірден-бір тәсіл. Оның ішінде осы санаттағы балаларды түзетуде сенсорлық ойынның маңызы зор.

Сенсорлық ойындар балаға әлемді жақсы сезінуге, көруге және тануға көмектеседі. Олар мұны кедергісіз және оған зиян келтірмей жасайды. Ойын арқылы жағымды эмоциялар беріледі, басқа адамдармен байланысу және қарым-қатынас жасау мүмкіндігі бар. Ойыншықтар маңызды рөл атқарады.

Олардың көмегімен бала әртүрлі сезімдерді біледі:

- көру (заттардың түсі, мөлшері, пішіні);

- есту (дыбыстар, музыка);

- тактильді (материалдың құрылымы, ойыншықтардағы тесіктер, баулар);

- иіс сезу (тағамның, табиғи материалдардың иісі);

- дәм (әр түрлі тағамдардың дәмі);

- моторлы (кеңістіктегі бағдар, тепе-теңдік)

Біз ойыншықтарды баланың ерекшеліктерін есепке алу принципі бойынша таңдаймыз. Олар қарапайым және қауіпсіз болуы қажет, сынбауы керек. Егер бұл орын алса, онда бәрі оңай орнына келтіріліп, ойын барысында түзетілуі керек [5,Б.35].

Сенсорлық ойын түрлері алуан түрлі.Оны аутистік спектр бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасайтын маман немесе ата-ана өзінің қиялы мен шығармашылығына қарай түрлендірсе болады.Сол ойындардың бірнеше нұсқасын назарларыңызға ұсынамыз.

Түстермен ойналатын сенсорлық ойындар

Қағазға, қиыршық тастарға, әйнекке бояулармен сурет салу. Бұл визуалды сезімдерді ғана емес, сонымен қатар тактильді сезімдерді де қолдануға мүмкіндік береді. Суды бояу арқылы түстерді зерттеуге де көмектеседі. Керемет әсер алу үшін сабын немесе сусабын қосып, нәтижесінде түрлі-түсті көбік алуға болады.

Сумен ойналатын сенсорлық ойындар

Ойын арқылы балаға ыңғай табуға болады.Балалардағы су ойындары жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, қоршаған әлемді тануға ықпал етеді. Сумен ойнау, шашырау, құю оларға өте ұнайды. Оларды шомылу кезінде ғана емес, кез- келген уақытта ойнауға болады. Су эмоционалды жағдайға өте жағымды әсер етеді, босаңсуға көмектеседі.

Су ойындары кезінде бала:

- Жаңа сенсорлық білім алады.

- Ата-анамен, мұғаліммен эмоционалды байланыс орнатады.

- Оң, жағымды эмоцияларды бастан кешіреді.

- Ұсақ моториканы жақсартады.

Су ойындарының әртүрлі түрлері бар. Олардың әрқайсысын кезекпен ойнауға тырысу керек,сол ойындардың ішінде балаға қызықтысы міндетті түрде табылады.

Ойындардың мынадай нұсқаларын назарларыңызға ұсынамыз.

Маңызды ескерту! Ойындар кезінде ересек өз әрекеттеріне түсініктеме беріп отыруы керек,

процесті сөзбен сипаттап, не істеп жатқандығын баяндап отыруы қажет. Баланы мадақтауды, көтермелеуді және оның қиындықтарын жеңуге көмектесуді ұмытпаған жөн.

Су құю. Бұл ойын үшін бірнеше түрлі контейнерлерді тостағандар,стакан, әртүрлі мөлшердегі пластикалық бөтелкелерді алу қажет. Оларды сумен толтырып, бір контейнерден екіншісіне құюға болады.

Су атыспақ немесе шашырату. Бұл ойынды жазғы уақытта сыртта өткізу ұсынылады.Ойынға су тапаншаларын, суару шлангтарын, түрлі шашыратқыштарды пайдалануға болады.

Малтатас. Өзеннің, көлдің немесе тоғанның жағасында болған кезде тастарды суға лақтырып, су бетіндегі шеңберлердің таралуын бақылауға болады.

Субұрқақ, сарқырама. Краннан су ағынының астына тар бөтелке немесе қасық қойыңыз. Бұл жағдайда шашырау субұрқағы пайда болады, бұл балаларға өте ұнайды.

Қуыршақтарды шомылу. Қуыршақтарды шешіндіріп, сабын мен ысқышпен жуындыру, содан кейін сүлгімен сүртіп киіндіру.Бұл баладағы өз- өзіне қызмет ету дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Бассейн. Тостағанды немесе бассейнді сумен толтырып, ойыншықтарға арналған бассейн ұйымдастырыңыз, оларды жүзуге үйретіңіз.

Маңызды! Егер бала оған барған болса және бассейннің не екенін түсінсе, бассейн ойынын өткізу ұсынылады.

Көл. Бұл ойын үшін үлкен су ыдысы қажет. Көлге балықты салып, олардың жүзуін көруге болады. Содан кейін балықты аулап, шелекке жинаймыз.Балықты аулау үшін сүзгіш немесе қармақтарды пайдалануға болады.

Ыдыс жуу. Ойыншық түскі астан кейін ыдыстарды губкамен жуу. Алдымен жылы сумен жуып, содан кейін суық сумен шаю.Осы әрекеттерді балаға үйрету арқылы рөлге кіріп,баламен ойнаңыз.

Көбік кеші. Ваннаны сумен толтырып, оған көбік қосыңыз. Көбіктен әртүрлі заттарды салуға болады – сақал мен мұрт, басына қалпақ, зәулім сарай салу деген сияқты.

Түсті су. Бұл ойын үшін қылқаламдар, акварель бояулары және бірнеше стакан су қажет. Қылқаламды алып, оған бояуды жағып және суға батырыңыз. Содан кейін баламен бірге мөлдір судың түсін қалай өзгертетінін байқауға болады. Ойынды баланың сүйікті түсінен бастауға болады. Сондай-ақ, бірнеше түстерді араластырып, сары және көк түстерді араластырғанда жасыл түс шығатынын, көк және қызыл түстен – күлгін, қызыл және сары түстерді қосқанда қызғылт-сары түстің қалай жасайтынын көруге болады.

Сумен ойнау кезінде бала еденге, үстелге су шашыратып немесе төгіп тастауы мүмкін. Бұған дайын болыңыз және оған ешқашан ұрыспаңыз. Ең бастысы-ойынды дұрыс ұйымдастыру. Егер пәтерде сумен ойнау кезінде оындай жағдай орын аласа, онда баламен бірге еденді сүртуге болады.

Жарма және басқа да табиғи материалдармен ойындар.

Мұндай ойындар қолдың ұсақ моторикасын жақсы дамытады, сөйлеуді дамытуға көмектеседі.

Табиғи материалдар ғана емес, сонымен қатар баланың сүйікті ойыншықтары да қатысатын сенсорлық қораптарды құрастыруға болады. Бұл кішкентай машиналар, конструктордан алынған фигуралар болуы мүмкін. Аппликацияларды кесу, жармаға,құмға сурет салу сияқты іс-әрекеттерді қосуға болады. Сусымалы материалдармен сабақ кезінде баланы қызықтыратын және тазалау уақытын қысқартатын арнайы жарықтандырылған үстелді пайдалану ыңғайлы болады. Сондай-ақ қарапайым картон қорапты немесе ыдысты пайдалануға да болады.

Жарық пен көлеңкемен ойналатын ойындар

Лампаны, фонарьды немесе шамды пайдалану арқылы, қабырғаға шынайы көлеңке театрын жасаймыз. Айна көмегімен күн қояндарымен ойнауға болады. Ал айнамен ойын балаға жағымды әсер қалдыратыны сөзсіз [6,Б.42-52].

Рөлдік ойындар

Мұндай ойындар әлеуметтік дағдыларды жақсы дамытады. Ойнау кезінде бала өзін басқа бейнеде көрсетіп қана қоймай, басқа сезімдер мен эмоцияларды да байқап көреді.

Ойында шынайы әлемде қорқынышты болған нәрсені немесе іс- әрекетерді жасауға болады. Дәрігерді, сатушыны, мұғалімді рөлдеу арқылы қоғамдағы белгілі бір жағдайға бейімделуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ол басқа балалармен достасуға,қарым-қатынас жасауға көмектеседі, мысалы, ертегіні бірге сомдайды. Мұнда магниттік тақта және бірнеше жануарлар бейнеленген суретті магнит қажет болады. Үймен кез-келген ертегіні ойнауға болады.

Қозғалмалы ойындар

Секіру, доп лақтыру, жүгіру. Мұның бәрі созылуға, тепе-теңдік сезіміне, бұлшықеттерді нығайтуға бағытталған іс-әрекеттер. Қарапайым жатығуды сенсорлық жолда жасаса, қызықты әрі көңілді болады. Сондай-ақ әртүрлі тренажерлерді де қолдануға болады.Қозғалмалы ойындар кезінде

физикалық белсенділікті реттеу және шаршаудың сыртқы белгілерін бақылау қажет екенін есте ұстаған жөн.

Егер ойындар ырғақты тақпақтармен немесе балалар әндерімен бірге жүретін болса, балаларға көңілді және қызықты болады және бұл олардың назарын аударуға көмектеседі.Әрине,бұл ойындардың нұсқалары ғана, ойындарды әртүрлі нұсқада,формада ұйымдастыруға болады.

Аутизмі бар балаларға арналған ойындарды таңдауда не маңызды?

Мамандар балаларға арналған ойындар қарапайым және қолжетімді болуын ұсынады, ондай ойындар балада қысым мен кедергі жасамауы керек. Бұл бұрын ойнаған таныс нәрсе болғаны жөн. Бірте-бірте ойындарды өрбітіп, қарапайымнан күрделіге көшу керек [7,Б.44].

Айта кету керек, әртүрлі ерекшеліктері бар балалар осы немесе басқа ойынды түрліше қабылдауы мүмкін.Сондықтан, сабақ барысында әр балаға жеке-жеке ыңғай жасау қажет, көмектесу, қолдау, кеңес беру, қажет болған жағдайда бірнеше рет қайталау керек.

Пайдаланылған көздердің тізімі

1. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-5-raz-vyiroslo-chislo-detey-s-autizmom-v-kazahstane-459609/

2. Аутизмі балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы /Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К.- Алматы, ТП ҰҒП О, 2020. - 169 б.

3. Сенсорные особенности детей с расстройствами аутистического спектра. Стратегии помощи. Методическое пособие / Манелис Н.Г., Никитина Ю.В., Феррои Л.М., Комарова О.П. / Под общ. ред.А.В. Хаустова, Н.Г. Манелис. М.: ФРЦ ФГБОУ ВО МГППУ, 2018. 70с.

4. Работа с родителями детей с расстройствами аутистического спектра в раннем возрасте: методическое пособие / Авт.-сост. Т.В. Кондратьева. – Самара. 2019. – 120 с.

5. Развитие основных навыков у детей с аутизмом :Эффективная методика игровых занятий с особыми детьми / Тара Делани ; пер. с англ. В. Дегтяревой ; науч. ред. С. Анисимова. — 2-е изд. — Екатеринбург : Рама Паблишинг, 2016. — 272 с.

6. Янушко Е.А. Игры с аутичным ребенком. Установление контакта, способы взаимодействия, развитие речи, психотерапия/ практическое пособие для психологов, педагогов и родителей-2-е изд. — «Теревинф», Москва: 2016. — 273 с.

7. Денверская модель раннего вмешательства для детей с аутизмом: Как в процессе повседневного взаимодействия научить ребенка играть, общаться и учиться / Салли Дж. Роджерс, Джеральдин Доусон, Лори А. Висмара; [пер. с англ. В. Дегтяревой]. — Екатеринбург : Рама Паблишинг, 2016. — 416 с.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ

Айтжанова Р.М.
П.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Мектепке дейінгі және педагогикалық-психологиялық дайындық кафедрасы
Қазақстан, Қарағанды қ.
rozaaitzhanova@mail.ru

Садық Г. Қ.
Магистрант
Мектепке дейінгі және педагогикалық-психологиялық дайындық кафедрасы
Қазақстан, Қарағанды қ.
sadykglm@gmail.com

Аннотация

Мақалада педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негізге алынып, осы тақырыпта шетелдік ғалымдардың еңбектеріне қысқаша шолу жасалынады және педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын ғалымдар еңбектерінде қалай қарастырғандығы талданады. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын ашатын ғалымдардың жұмыстары біздің мақаламыз үшін маңызды болып табылады.

Кілт сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, шарт, педагог-психолог.

Аннотация

В статье берется за основу формирование профессиональной компетентности педагога-психолога, дается краткий обзор работ зарубежных ученых на эту тему и анализируется, как условия формирования профессиональной компетентности педагога-психолога рассматривались в трудах ученых. Работа ученых, раскрывающих условия формирования профессиональной компетентности педагога-психолога, является важной для нашей статьи.

Ключевые слова: компетентность, профессиональная компетентность, условие, педагог-психолог.

Annotation

The article takes as a basis the formation of professional competence of a teacher-psychologist, a brief review of the works of foreign scientists on this topic and analyzes how the conditions for the formation of professional competence of a teacher-psychologist were considered in the works of scientists. The work of scientists who reveal the conditions for the formation of professional competence of a teacher-psychologist is of great importance for our article.

Keywords: competence, professional competence, condition, teacher-psychologist.

Қазіргі білім рухани дамыған, білімді тұлғаны қалыптастырудың негізгі мақсатын көздейді. Жалпы мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын білім жеке тұлғаның білім беру, рухани және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында білім беруді таңдау еркіндігін қамтамасыз ететін тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде құрылады. Қоғамның әлеуметтік тапсырысы және жаңа білім беру стандарттарын енгізу үздіксіз кәсіби өсуге дайын бәсекеге қабілетті, сындарлы және әлеуметтік бейімделген маман даярлауды талап етеді. Кәсіби құзыреттілік-бұл адамның кәсіби қызметті сәтті жүзеге асыруға дайындығын қамтамасыз ететін интегративті сипаттамасы. "Құзыреттілік" ұғымы үш мағынаға ие: құзыреттілік – бұл, біріншіден, әртүрлі өмірлік процестерге енгізілген тұлғаның сапасы; екіншіден, сана мен іс-әрекеттің бірлігі принципі; үшіншіден, мәдениеттің құндылығы. Шетел әдебиетінде құзыреттілік ұғымы (лат. competenstia-құқық, сәйкестік) кез-келген қызмет саласының, өмірдің мәнін білуге және түсінуге, алған білімдері мен дағдыларын барабар пайдалану қабілетімен байланысты. Ресейлік психолог М.А. Холоднаяның құзыреттіліктің тиісті қызмет саласында тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін пәндік білімді ұйымдастырудың ерекше түрі екенін анықтайды.

Ресейлік психологтар А.А. Марголис және И.В. Коновалованың айтуынша, педагог-психологтың жұмысы бірқатар компоненттерді қамтитыны белгілі: диагностикалық, дамытушылық, түзету, кеңес беру, сондай-ақ кәсіби қызметтің аналитикалық, бақылау-бағалау. Бұл элементтер психологтың жұмысында әртүрлі комбинациялар мен вариацияларда ұсынылған. Бұл белгілі бір білім беру мекемесінің нақты міндеттері бар сұранысына да, психологтың жеке ерекшеліктеріне, оның жеке қасиеттеріне де байланысты. Маман қызметінің тиімділігі, оның кәсібилік деңгейіне байланысты. "Бұл жұмыс кәсіпқойлықты қажет етеді", олар адамның жеке басына мамандықтың нормативтік талаптарын білдіреді. Кәсібилік-бұл іс-әрекеттің міндеттерін орындауға жоғары дайындық, бұл дағдыларды ұтымды пайдалану негізінде физикалық және ақыл-ой шығындары аз сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. "Құзыреттілік" ұғымы мамандық талаптарына сәйкестік дәрежесі адамның белгілі бір еңбек функцияларын орындау қабілетіне ие болуы, өз бетінше және жауапкершілікпен әрекет етуге мүмкіндік беретін психикалық қасиеттердің үйлесімі ретінде анықталады. Құзыреттілік-бұл лауазымдық нұсқаулықпен және жауапкершілік саласымен анықталатын міндеттер шеңбері, белгілі бір өкілеттік саласы, онда маман жеке тұлғаның белгілі бір білімін, дағдыларын, кәсіби қабілеттерін және кәсіби маңызды қасиеттерін көрсетуі керек.

Педагогикалық әдістеме саласындағы қазақстандық маман Ш.Таубаева: “Құзыреттілік - ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті” - деп қарастырды.

Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесі деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман деп атаймыз.

Кәсіби шеберлікті маманның жетілуінің әртүрлі аспектілерімен байланыстыра отырып, ресейлік пс.ғ.д. профессор А.К. Маркова кәсіби құзыреттіліктің төрт түрін анықтайды:

1. Арнайы немесе белсенді кәсіби құзыреттілік жоғары кәсіби деңгейдегі қызметті игеруді сипаттайды және арнайы білімнің болуын ғана емес, сонымен қатар оларды іс жүзінде қолдана білуді де қамтиды.

2. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік бірлескен кәсіби қызмет пен ынтымақтастық тәсілдерін, кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас әдістерін игеруді сипаттайды.

3. Жеке кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту тәсілдерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгеруді сипаттайды. Бұған маманның кәсіби қызметін жоспарлау, өз бетінше шешім қабылдау, мәселені көру қабілеті де кіреді.

4. Жеке кәсіби құзыреттілік өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеруді, кәсіби өсуге дайындықты, тұрақты кәсіби мотивацияның болуын сипаттайды.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру-бұл бүкіл кәсіби жолда жалғасатын және іс жүзінде тікелей кәсіби қызметтен бұрын басталатын ұзақ процесс.

Ғалымдардың зерттеулерінде педагогикалық колледж түлектерінің кәсіби құзыреттілігін (М.М. Тұрсынова, Д.А. Хлыстунов және т.б.), педагогтардың кәсіби құзыреттілігі (А.Ю. Прокопенко, О.А. Кривко, В.Г. Яфаева және т.б.) қалыптастыруға көп көңіл бөлген.

Әр түрлі басылымдар мен ғылыми еңбектерде ұсынылған ережелерге қарап, біз қазіргі уақытта болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі әртүрлі әдіснамалық тәсілдер тұрғысынан шешіледі деп айта аламыз. Біздің зерттеуіміз үшін ең үлкен қызығушылық - құзыреттілік тәсіл. Бұл тәсіл, ресейлік п.ғ.д. Е.В. Яковлев пен Н.О. Яковлеваның зерттеулерінде көрсетілгендей, шетелдік ғалымдар (Г. Клемп, Дж. Равен, Л. Спенсер, Н. Хомский, Р. Уайт, К. Шнайдер, В.И. Байденко, А.С. Белкин, Е.В. Бондаревская, Ю.В. Варданян, А.А. Вербицкий, А.А. Деркач, Э.Ф. Зеер, И.Я. Зимняя, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, А.В. Хуторская, Е.В. Яковлев және т. б.) "тұлғаның берілген құзыреттілік түрін қалыптастыру тұрғысынан педагогикалық процесті зерттеу мен сипаттауды қамтамасыз ететін зерттеудің принципті бағытын" түсіндіреді [6].

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі-бұл белсенді рөлдік (білім, білік, дағды, тәжірибе) және жеке (кәсіби маңызды қасиеттер) сипаттамалар жүйесін қамтитын күрделі психологиялық білім. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы тұрақты кәсіптік білім беру және практикалық қызмет процестерінде жүреді.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі іс-әрекетте көрінеді және интеграцияланған құрылым ретінде ұсынылуы мүмкін, оның ішінде:

-адамның арнайы біліктілігі мен функционалдық сауаттылығымен, оның жеке құзыреттілігімен, әлеуметтік функционалдық сауаттылығымен ұсынылған арнайы дайындық;

-практикада психологиялық-педагогикалық қызмет технологияларын игеру және оны рефлексиялау қабілетін алу нәтижесінде қызметтегі біліктілік;

-ұйымдастырушылық-белсенділік құзыреттілігі, қызметті рефлексивті талдау нәтижелері негізінде түрлендіру қабілеті .

Кәсіби маңызды қасиеттер педагог-психологқа міндеттерді тиімді шешуге және кәсіби қызметтің динамикалық жағдайында әр түрлі деңгейдегі қиындықтар мен сенімділік мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Литвалық психолог, психотерапевт Р. Кочюанстың айтуынша, педагог-психологтың табысты кәсіби қызметі үшін: жеткілікті тұрақты өзін-өзі бағалау, әлемге оң көзқарас, эмоционалды тұрақтылық және өзіне деген сенімділік, сондай-ақ тұрақты мотивация, жауапкершілік, рефлексивтілік, талдау қабілеті және т.б. өте қажет. Ал психологтың қасиеттеріне сәйкес келмейтін кері сипаттамалар - интеллектінің төмендігі, эмпатияның болмауы, проблемаларын шеше алмау, шамадан тыс тежелу, ұйымдастырушылықтың төмендігі, стресске қарсылықтың нашарлығы, қамқорлыққа деген қажеттілік, жоғары мазасыздық. Бұл талаптар абсолютті, сондықтан олар жалпы нұсқаулық бола алады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіне сыртқы факторлар айтарлықтай әсер етеді. Оған түбегейлі жаңа талаптар қойылады, олардың үнемі өсуі әлемдік дамудың бірқатар тенденцияларынан туындайды:

- қоғамның даму қарқынын жеделдету педагог-психологтарды тез өзгеретін жағдайларда өмірге дайындауды талап етеді;

- мәдениетаралық өзара іс-қимыл ауқымын едәуір кеңейте отырып, коммуникабельділік мен толеранттылық ерекше маңызға ие болады;

- жаһандық проблемалардың пайда болуы мен өсуі жастардан оларды шешу үшін заманауи ойлауды талап етеді;

- қоғамды демократияландыру, саяси және әлеуметтік таңдау мүмкіндіктерін кеңейту азаматтардың мұндай таңдауға дайындығын қалыптастыру қажеттілігінің алдына қояды;

- экономиканың серпінді дамуы және жұмыскерлердің кәсіби біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудың тұрақты қажеттілігін айқындайтын жұмыспен қамту саласындағы терең құрылымдық өзгерістер педагог-психологтардың оқуға деген ұмтылысы мен қабілетін қалыптастыру қажеттілігін айқындайды. Осы талаптарға сай болу үшін бұл процесс үздіксіз болуы керек. Мұның бәрі тәуелсіз, белсенді, болып жатқан өзгерістерге икемді жауап бере алады, жауапкершілікті қабылдай алады, өзінің дамуына құндылық ретінде қарайды, педагог-психолог үнемі үйренуге дайын болуы қажет. Осылайша, ең алдымен педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ерекше талаптар қойылады. Ғылыми мәселе ретінде құзыреттілік қазіргі уақытта нақты және біржақты анықтамаға ие емес және оған деген қызығушылықтың айтарлықтай даму тарихы болғанына қарамастан, толық талдау алған жоқ [7].

Педагог-психолог кәсіби құзыретті маман болуы үшін жағдай жасау қажет, яғни кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын қарастырып, колледжде күнтізбесіне енгізу керек. Ол үшін алдымен шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі көрсетілген педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын шарттарына тоқталайық.

С.С. Савельева педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды қарастыра отырып, өзін-өзі сәйкестендіруге және өзін-өзі тануға қабілетті тұлғаның субъективтілігіне бағдарлану; шығармашылық орта құру; рефлексиялық іс-әрекетке шақыру; білім беру процесін диалогтау сияқты оның қалыптасуының педагогикалық шарттарын анықтайды. Л.Э. Филатованың пікірінше, психолог студенттердің кәсіби қарым-қатынасында құзыреттілікті қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары психологтың кәсіби қарым-қатынастың жаңа тиімді әдістерін игеруге мотивациялық дайындығын қамтамасыз ету, педагогикалық процестегі еңбек ынтымақтастығы, гуманитарлық ортаны жасау болып табылады [3].

Зерттеушілердің еңбектеріне тоқталып, оған өз ойымызды қоса отырып педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын анықтауды жөн көрдік. Психологтардың кәсібилігін арттыру үшін жағдай жасау білім беруді жаңғырту жағдайында туындайтын жаңа шындықтарды ескере отырып, білім беру процесінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарттары:

-Білім мазмұнын жаңаландыру;

- Оқу-әдістемелік жиынтығын жасау;
- Педагог-психологтардың шығармашылық ұжымы;
- Педагог-психологтардың шеберлік сыныптары;
- Тұрақты семинар-тренинг ұйымдастыру;
- Интерактивті курстар (педагог-психологтардың белсенді өзара әрекеттесуіне негізделген оқыту);
- Топтық жұмыс, пікірталас;
- Арнайы өз бетімен орындауға арналған тапсырмалар жүйесі

Соңғы үш жылда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша диссертациялық зерттеулер мен ғылыми жарияланымдардың мазмұнына жүргізілген талдау болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды тікелей зерттеуге арналған зерттеулер өте аз екенін көрсетті.

Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын анықтауға және іске асыруға қатысты аспектілер жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Осылайша, осы зерттеудің өзектілігі қоғамның кәсіби құзыреттілігі бар педагог-психологтарды даярлау қажеттілігінің артуы мен зерттеудің осы аспектісінің теориялық және практикалық дамуының жеткіліксіздігі арасындағы қайшылыққа байланысты болып отыр.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты - педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аржаник М.Б. Комплексная математическая подготовка как условие повышения профессиональной компетентности будущих психологов/ Томск, 2014. - 23бет
2. Зимина Н.А. Психологические условия оптимизации профессиональной компетентности психологов в решении поведенческих проблем детей раннего возраста http://dlib.rsl.ru/viewer/01002646787#?page=1.

3.Савельева С.С. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности учителя в образовательном процессе вуза/ Воскресенск, 2012. - 217 бет

4.Ткач Д.С. Организационно-педагогические условия формирования профессиональной компетентности педагога-психолога в комплексе “сельский педагогический лицей-педагогический вуз” [Электронный ресурс]/ общая педагогика, история педагогики и образования http://dlib.rsl.ru/viewer/01003165659#?page=1.

5.Филатова Л.Э. Психолого-педагогические условия формирования компетентности в профессиональном общении студентов-психологов/ М., 2012. - 21 бет

6.Яковлев Е.В. Педагогическое исследование: содержание и представление результатов/ Челябинск, 2010. - 316.

7.Разуваева Т.Н. Социально-психологическая структура педагогического коллектива как субъекта инновационной деятельности/ Сургут, 2009. – 37 б.

8.Стандарты второго поколения: ФГОС: Начальное общее образование.-М., Просвещение, 2010.-52б

9. В.И.Байденко «Выявление состава компетенций выпускников ВУЗов как необходимый этап проектирования ГОС ВПО нового поколения» Методическое пособие - Москва, 2006 – 72б

URL: http://fgosvo.ru/uploadfiles/Library/Baidenko/metod_2006.pdf

10. Кондаков И. М., Сухарев А. В. «Методологические основания зарубежных теорий профессионального развития» Вопросы психологии -1989

URL: http://www.voppsy.ru/issues/1989/895/895158.htm

11. Г.Р. Ломакина «Педагогическая компетентность и компетенция: проблемы терминологии» Москва: Буки-Веди, 2012

ӘОЖ 37.026.9

Сагимбаев А.А.
п.ғ.к., доцент Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
E-mail: adun_8s@mail.ru

Бодиков С.
Академик Е. Букетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ. Қазақстан

Еркинова А.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистры
E mail:yerkinova00@mail.ru

КӨРКЕМДІК ОЙЛАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аннотация. Ғылыми мақалада студенттердің бейнелі идеялары мен шығармашылық ойларын қалыптастырудағы шығармашылық процестің маңызды рөлі қарастырылады.

Кілттік сөздер: шығармашылық, көркемөнер, графикалық тапсырма, үрдіс, іс-әрекет, инженерлік графика, сурет

Дамудың тарихи үрдісінде объективті әлемді танудағы тәжірибелік ұғым – шығармашылық іс-әрекеттің маңызды алғышарты екені белгілі. Әлемді түсініп қабылдай алу үшін адам тек қана, табиғаттағы заттың ерекшелігін тауып қана қоймай, сонымен қатар шынайылықты танып, жаңа ақиқатты құру үшін мүмкіндіктерді, амалдарды, оларды өзгерту тәсілдерін қарастыратыны анық.

Тәжірибелік және теориялық біліммен қатар шығармашылық білімге тартылған тәжірибеге сүйеніп, солар арқылы адамның шығармашылық ойы дамып, үнемі жаңарып, отыратыны сөзсіз. Сондықтан, шығармашылық маңызды мәселелерінің бірі білімді көкейкестендіру болып табылады. Мұндағы негізгі маңыздылық адамның шығармашылық ойы мен қабілеттілігі мен икемділігі және дағдымен қатар белсенді өмірлік бағыты айқындалады.

Көркемдік білімнің басты міндетінің бірі – абстракт түрінде дараланбайтын көркемдік бейненің нақты жемісі болатын көркемдік ойды жандандыру болып табылатыны белгілі.

Өнерде объективті ақиқаттың арнайы қайтарылым формасы ретінде көркемдік бейне адамның ойлық, рухани-танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттің нәтижесі екені анық.

Көркемдік ойлау тек қана оқып үйрену үрдісінде, оған жалғас кәсіптік іс-әрекет нәтижесінде дамыған шығармашылық іс-әрекеттің арқасында кәсіптік бола алатыны белгілі. Көркемдік бейненің

күрделілігі мен қозғалысының барлығын ұғынумен қатар, біз оқу үрдісінде өзгеше бағдар бола алатын оның қалыптасу аспектісін айқындауымыз қажет.

Көркемдік бейненің барлығының маңызды факторы – жалпылау, яғни өмірлік құбылыстың, ұқсас адамдар немесе заттардың өзгешелік қасиеттерінің қосылыстарын ұсынатындай жалпылықты, қалыпты келбетті таба білу.

